«Қазақстан темір жолы»
ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы
Басқармасының
2019 жылғы 14 мамырдағы
шешімімен (№ 02/16 хаттамасы)
мақұлданған

«Қазақстан темір жолы»
ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
2019 жылғы 30 мамырдағы
шешімімен (№ 8 хаттама)
бекітілген

# «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы



# Тұрақты даму саласындағы 2018 жылғы **есеп**

# МАЗМҰНЫ

2-3

## ҮНДЕУ

Есепті оқушыларға үндеу

6-11



## ЕСЕП ТУРАЛЫ

Мүдделі тараптарды тарту 06

Аспектілердің маңыздылығы мен шектері 07

Ашу деңгейі және верификация 11

12-22



## КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Тарих 12

Компанияның географиялық және нарықтық орны 12

Персонал саны 16

Жеткізулер тізбегі 18

Компанияның Трансформациялау бағдарламасын іске асыру 20

Сыртқы бастамаларға қатысу 22

23-27



## ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару 23

Директорлар кеңесі 23

Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер 24

Басқарма 24

Ұйымдастырушылық құрылым 25

Корпоративтік басқару кодексі 25

Тұрақты даму саясаты және мүдделі тараптармен әрекеттесу 26

Этика және адалдық 27

29-32



## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІК

Құрылған және бөлінген экономикалық құн 29

Тікелей емес экономикалық ықпал 29

33-50



## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Персонал 34

Зейнеткерлер туралы қамқорлық 37

Жас ұрпақ туралы қамқорлық 37

Жас қызметкерлер туралы қамқорлық 38

Салауатты өмір салтын насихаттау 39

Мүмкіндігі шектеулі адамдар туралы қамқорлық 41

Денсаулық сақтау және медициналық қамтамасыз ету 43

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау 44

Қозғалыс қауіпсіздігі 46

51- 56



## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Экологиялық менеджмент жүйесі 51

Қоршаған ортаға эмиссиялар 51

Ресурстарды тұтыну 52

57-63

## ҚОСЫМШАЛАР

Глоссарий 57

Есептегі GRI жалпы стандарттық есептілік элементтерінің көрсеткіші 58

# «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының есепті оқушыларға үндеуі



**Құрметті есепті оқушылар, әріптестер, серіктестер!**

Компания 2018 жылдың қорытындылары бойынша жоспарланған өндірістік бағдарламаны орындап шықты. Қызметтің көлемдік және саапалық көрсеткіштерін жақсарту қамтамасыз етілді.

Нәтижесінде жүк айналымы 20 млрд. т-км болып, өткен жылғы деңгейден 6,6%-ға асып түсті.

Компания контейнерлік транзиттік тасымалдарды дамытуды жалғастыруда. 2018 жылы Қазақстан арқылы 537,4 мың контейнер тасымалданды, бұл 2017 жылғы нәтижеден 55%-ға жоғары.

Жалпы транзиттік тасымалдардағы жүк айналымы 22%-ға өсіп, 31,5 млрд. т-км болды.

Транзиттік мультимодальдық тасымалдар сегментінің оң динамикасы қолайлы тарифтік шарттармен институционалдық ортаны жетілдірумен, қағазсыз технологияларды енгізумен қолдануда. Мәселен, электронды деректермен алмасу туралы келісімдер Әзербайжан, Қырғыз және Ресей темір жолдарымен жасалған, Қытай темір жолдарымен пысықталуда.

Қауіпсіздік – біздің жұмысымыздағы басты басымдылық. 2018 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ жүйелі шараларды іске асыру, соның ішінде желіні модернизациялау есебінен қозғалыс қауіпсіздігін бұзу санын 29%-ға азайтты.

Мәселен, 867 км жол күрделі жөнделді, 4,6 мың бағыттамалы бұрмалар жаңартылды және жөнге келтірілді, 9,6 мың км жолды қамти отырып ауыр үлгідегі жол машиналары қолданылатын жұмыстар жүргізілді.

2018 жылы қала маңындағы және халықаралық тасымалдар сегментіндегі қозғалыс көлемінің азаюы нәтижесінде жолаушылар айналымы 2017 жылғы деңгейге қарағанда 1,3%-ға төмендеп, 14,9 млрд. жолаушы-км болды. Бұл автомобиль және әуе көлігі тарапынан бәсекелестіктің күшейтілуінің нәтижесі Осыған байланысты Компания сервис деңгейін, қолжетімділікті, қауіпсіздік пен интермодальдықты арттыру есебінен теміржол көлігімен жолаушылар тасымалдаудың бәсекеге қабілетті басымдықтарын дамытуды қолға алуда.

Жолаушылар тасымалдау көлемінің азаюына қарамастан олардан түскен кіріс 2,8%-ға өсті, бұл жүк тасымалдаудан түсетін кірістің 16,9%-ға өсуімен бірге алғанда операциялық пайданың 122,2 млрд. теңгеге дейінгі 20 пайыздық өсімін қамтамасыз етті.

Алайда жоғары борыштық жүктеме және тұрақты валюталарда алынған қарыздардың басым болуы Компанияның 2018 жылғы қорытындылары бойынша 86,5 млрд. теңге мөлшеріндегі теріс қаржылық нәтижеге алып келді. Бағам айырмасының әсерін есепке алмағанда қаржылық нәтиже 17,9 млрд. теңге болды.

Бұл нәтиже көбіне көп соңғы жылдардағы ауқымды инвестициялық бағдарламадан, сондай-ақ тарифтік саясаттан туындады, инвестициялық бағдарлама шеңберінде Компания мемлекеттің тапсырмасы бойынша бейінді емес және рентабельділігі төмен жобалардың жалпы құнының 65%-ын қаржыландырды.

Жағдайды түзету үшін Компанияда Директорлар кеңесі бекіткен «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ты кредиттік тәуекелдің жасыл аймағына шығару жөніндегі EBITDA-ны арттыру, борышты және инвестициялық жобаларды басқару, сондай-ақ тарифтік реттеу тетіктері мен ол бойынша ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі кешенді шараларды көздейтін іс-шаралар жоспары іске асырылуда.

Сонымен бірге аталған мәселелер Компанияның Даму стратегиясын жаңарту шеңберінде де пысықталуда.

Жекешелендірудің мемлекеттік бағдарламасына және Жалғыз акционердің тапсырмаларына сәйкес 2018 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының бейінді емес активтерін иеліктен шығару жұмысы жалғастырылды.

2018 жылы Бизнесті трансформациялау бағдарламасы жобаларын іске асырудан 15,8 млрд. теңге мөлшерінде пайда алынды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың басты әрі ең құнды ресурсы – Компания қызметкерлері. 2018 жылы Компания әлеуметтік саладағы барлық міндеттемелерді орындады, қабылданған барлық оқыту және біліктілігін арттыру саясаттары мен бағдарламаларын іске асыруды жалғастырды, еңбекақыны көтерді.

Жалпы, Компанияның әлеуметтік шығыстар бюджеті 2017 жылдың деңгейіне қарағанда 2018 жылы 10,2%-ға асып түсіп, 8,2 млрд. теңге болды.

Мыңдаған мүшесі бар ұжымының ұйымдасып жұмыс істеуі арқасында «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2018 жылы Жалғыз акционер мен барлық мүдделі тараптар алдындағы барлық міндеттемелерін орындады.

Бірлесіп атқарған қызметі үшін біздің серіктестеріміз бен әріптестерімізге алғыс айтамын. Ынтымақтасуымыз әрі қарай да тиімді әрі жемісті болатындығына сенімім мол. **GRI 102-14**

# Есеп туралы

**Есеп туралы**
Есептің мазмұнын белгілеу және сапасын қамтамасыз ету тәсілдері туралы қысқаша ақпарат

**Компанияның бейіні**
Компания, сала қызметінің негізгі өнімдері мен бағыттары туралы қысқаша ақпарат

**Тұрақты дамуды басқару**
Корпоративтік басқару және тұрақты дамуды басқару принциптері туралы қысқаша ақпарат

**Экономикалық жауапкершілік**
Нәтижеліліктің негізгі елеулі экономикалық аспектілері мен көрсеткіштері берілген

**Экологиялық жауапкершілік**
Нәтижеліліктің негізгі елеулі экологиялық аспектілері мен көрсеткіштері берілген

**Әлеуметтік жауапкершілік**
Нәтижеліліктің негізгі елеулі әлеуметтік аспектілері мен көрсеткіштері берілген

**Қосымшалар**
1. Терминдер мен анықтамалар
2. Есептің GRI Standards басшылығына сәйкестігі кестесі

*Осы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың тұрақты даму саласындағы 2018 жылғы есебі (бұдан әрі - Есеп) GRI Standards тұрақты даму саласындағы есептілік жөніндегі басшылығына сәйкес әзірленді. Есептің жылдық циклы және күнтізбелік жылға тең есеп беру кезеңі бар. Компанияның қызметіндегі үрдістерді түсіну мақсатында мүмкін болған жерде Есеп «ҚТЖ» ҰК» АҚ нәтижелілігі көрсеткіштерін талдаудың 3 жылдық кезеңін қамтиды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың тұрақты даму саласындағы бұдан бұрынғы есептері 2016 және 2017 жылдары жарияланды.* **GRI 102-50 - GRI 102-52**

*Есеп барлық мүдделі тараптардың танысуына арналған және Компанияның корпоративтік сайтында (www.railways.kz) қолжетімді.*

# Мүдделі тараптарды тарту

Компания Тұрақты даму саласындағы есепті дайындау кезінде мүдделі тараптармен әрекеттесуді жетілдірудің келесі бағыттарын өзіне белгіледі:

1. Тұрақты даму саласындағы есепті дайындау бөлігінде мүдделі тараптармен әрекеттесу тұрақты болуы тиіс, бұл ретте мүдделі тараптармен әрекеттесудің белсенді кезеңі сауалнама жүргізу үшін ғана емес, тікелей кездесулерді, дөңгелек үстелдерді және т. б. өткізу үшін де жеткілікті болуы тиіс.
2. Кей жағдайларда тұрақты даму саласындағы есептіліктің елеулі аспектілері және басқа мәселелері бойынша пікірді анықтау процесіне мүдделі тараптардың қатысуы талап етіледі.

Компания мүдделі тараптарды анықтау мен іріктеудің келесі приниціптерін басшылыққа алады:

1. Тәуелділік. Компания қызметіне айтарлықтай дәрежеде тәуелді мүдделі тараптар тобы.
2. Стратегиялық бағдарлар. Компанияның стратегиялық перспективаларын ескере отырып, олармен ынтымақтасу маңызды мүдделі тараптар.
3. Шиеленісу. Оларға қатысты анағұрлым белсенді реакция беру талап етілетін мүдделі тараптар.
4. Ықпалдылық. Компанияның қызметі мен нәтижелілігіне ықпал етудің жоғары дәрежесі бар мүдделі тараптар. **GRI 102-42**

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен Тұрақты даму саласындағы басшылыққа сәйкес Компанияда келесі мүдделі тараптар белгіленген: **GRI 102-40**




*1-сурет. Мүдделі тараптар картасы*

2018 жылы Компания Есептегі аспектілердің елеулілігі мен ашылған тақырыптар тұрғысында мүдделі тараптар сауалнамасын жүргізді. Мүдделі тараптар сауалнамасы онлайн жүргізілді.

Стейкхолдерлер сауалнамасының нәтижелері Компанияға Есептегі аспектілердің елеулілігі мен ашылған тақырыптардың анағұрлым объективті картинасын жасауға мүмкіндік берді. **GRI 102-43**

# Аспектілердің елеулілігі мен шектері

Компания 2 критерийді:

1. Компанияның (аспектілерге) ықпал етуінің елеулілігін;

2. (Аспектілердің) мүдделі тараптарға ықпалын

ескере отырып, аспектілердің елеулілігін белгіледі.

Аспектілер елеулілігінің критерийлері тартылған мүдделі тараптар топтарының өкілдеріне сауалнама жүргізу нәтижелері бойынша анықталды. Сауалнама әр аспектіні жоғарыда аталған 2 критерий бойынша бағалау мүмкіндігін берді, олардың әрқайсысын 5 балдық шәкіл бойынша бағалау мүмкін болды. 2 критерий бойынша қосындысында 6 балдан артық алған аспектілер елеулі деп танылды. **GRI 102-46**

*2-сурет. Елеулі аспектілер матрицасы*



| № | Тұрақты даму аспектілері |
|---|---|
| 1 | Компанияның экономикалық көрсеткіштері |
| 2 | Клиенттердің қанағаттанушылығы |
| 3 | Компанияның ол бар өңірлерге тікелей емес экономикалық ықпалы |
| 4 | Компанияның сатып алу практикасы |
| 5 | Инновациялық қызметтерді дамыту |
| 6 | Реттеушімен қарым-қатынас |
| 7 | Компания активтерін жекешелендіру |
| 8 | Жекеменшік тасымалдаушыларға МТЖ қызметтеріне қолжеткізуді беруі |
| 9 | Қызметкерлердің қанағаттанушылығы |
| 10 | Сыбайлас жемқорлықты болдырмау |
| 11 | Қызметкерлерді жұмыспен қамту мәселелері |
| 12 | Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік |
| 13 | Қызметкерлерге әлеуметтік пакет беру |
| 14 | Еңбек қатынастары практикасына шағым беру тетігі |
| 15 | Оқыту және кәсіби өсу |
| 16 | Кемсітушілікке жол бермеу |
| 17 | Ассоциациялар және ұжымдық шарттарды жүргізу еркіндігі |
| 18 | Компания ішінде энергия тұтыну тиімділігі |
| 19 | Компанияның экологиялық міндеттемелерге сәйкестігі |
| 20 | Қоршаған ортаны қорғау шығыстары мен инвестициялары |
| 21 | Парник газдары мен басқа ластаушы заттардың шығарылуын азайту |
| 22 | Заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкестік |
| 23 | Тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігі (тасымалдар қауіпсіздігі) |

*2-кесте. Елеулі аспектілер тізбесі* **GRI 102-47**

| № | Тұрақты даму аспектілері |
| --- | --- |
| 1 | Компанияның экономикалық көрсеткіштері |
| 4 | Компанияның сатып алу практикасы |
| 10 | Сыбайлас жемқорлықты болдырмау |
| 11 | Қызметкерлерді жұмыспен қамту мәселелері |
| 12 | Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік |
| 15 | Оқыту және кәсіби өсу |
| 17 | Ассоциациялар және ұжымдық шарттарды жүргізу еркіндігі |
| 18 | Компания ішінде энергия тұтыну тиімділігі |
| 19 | Компанияның экологиялық міндеттемелерге сәйкестігі |
| 20 | Қоршаған ортаны қорғау кірістері мен инвестициялары |
| 21 | Парник газдары мен басқа ластағыш заттардың шығарылуын азайту |
| 22 | Заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкестік |
| 23 | Тасымалдар қауіпсіздігі |

Аспектілердің елеулілігін белгілеу әдістемесін ескеретін болсақ, елеулі ретінде белгіленген әр аспект Компания ішінде де, Компаниядан тыс та маңызды болды.

Аспектілердің шегі Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарының (бұдан әрі – ЕТҰ) негізгі экономикалық көрсеткіштері мен ауқымын негізге ала отырып, сондай-ақ қандай да болмасын көрсеткіштің қолданылуға жарамдылығын ескере отырып, белгіленді. Компанияның жұмыс тобының талқылау нәтижелері бойынша Компанияның талданатын негізгі ЕТҰ ретінде келесі төртеуі белгіленді:

1. «Жолаушылар тасымалы» АҚ.
2. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ.
3. «Қазтеміртранс» АҚ.
4. «KTZ Express» АҚ. **GRI 102-45**

*3-кесте. Елеулі аспектілер кестесі және олардың шегі*

| № | Тұрақты даму аспектілері | Маңыздылығы (+/-) | Аспектінің қамту шегі |
|---|---|---|---|
| | **Экономикалық аспект** | | |
| 1 | Экономикалық нәтижелілік | + | Топ* |
| 2 | Клиенттердің қанағаттанушылығы | - | - |
| 3 | Тікелей емес экономикалық ықпалдар | + | «ҚТЖ» ҰК» АҚ |
| 4 | Сатып алу практикасы | + | Топ* |
| 5 | Инновациялық қызметтерді дамыту | - | - |
| 6 | Реттеушімен қарым-қатынастар | - | - |
| 7 | Компания активтерін жекешелендіру | - | - |
| 8 | Жекеменшік тасымалдаушыларға МТЖ қызметтеріне қолжеткізуді беру | - | - |
| | **Әлеуметтік аспект** | | |
| 9 | Қызметкерлердің қанағаттанушылығы | - | - |
| 10 | Сыбайлас жемқорлықты болдырмау | + | Топ* |
| 11 | Қызметкерлерді жұмыспен қамту мәселелері | + | Топ* |
| 12 | Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік | + | Топ* |
| 13 | Қызметкерлерге әлеуметтік пакет беру | - | - |
| 14 | Еңбек қатынастары практикасына шағымдану тетігі | - | - |
| 15 | Оқыту және кәсіби өсу | + | Топ* |
| 16 | Кемсітушілікке жол бермеу | - | - |
| 17 | Ассоциациялар мен ұжымдық шартты жүргізу еркіндігі | + | Топ* |
| | **Экологиялық аспект** | | |
| 18 | Компания ішінде энергия тұтыну тиімділігі | + | Топ* |
| 19 | Компанияның экологиялық міндеттемелерге сәйкестігі | + | Топ* |
| 20 | Қоршаған ортаға арналған шығыстар мен инвестициялар | + | Топ* |
| 21 | Парник газдары мен ластағыш заттардың шығарылуын азайту | + | Топ* |
| 22 | Заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкестік | + | Топ* |
| | **Салалық аспект** | - | - |
| 23 | Тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігі (тасымалдар қауіпсіздігі) | + | Топ* |

* - Топқа «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен келесі ЕТҰ бойынша ақпарат енгізілген:

1) «Жолаушылар тасымалы» АҚ;
2) «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ;
3) «Қазтеміртранс» АҚ;
4) «KTZ Express» АҚ.

Есепте бұдан бұрынғы есептерде жарияланған көрстекіштерді қайта тұжырымдау, сондай-ақ аспектілердің шегіндегі және қамтуындағы өзгерістер жоқ. **GRI 102-48 , GRI 102-49**

### Ашу деңгейі және верификация

Осы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың тұрақты даму саласындағы 2018 жылғы есебі GRI Strandard басшылығының негізгі нұсқасына сәйкес дайындалды. **GRI 102-54**

Осы Есеп тәуелсіз верификациялау рәсімінен өткен жоқ. Болашақта Компания Есепті немесе оның жекелеген аспектілерін ұдайы (жыл сайын) верификациялау практикасын енгізуді жоспарлап отыр. **GRI 102-56**

# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ



# Тарих

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания) «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 наурыздағы № 310 қаулысына сәйкес құрылды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңына сәйкес Қоғамның «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы» атауы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы» болып өзгертілді. **GRI 102-1**

Қазір «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың тасымалдау процесінде теміржол саласының функционалдық тұтастығы мен басқарылымдығын қамтамасыз етуге негізделген холдингтік құрылымы бар.

«Самұрық Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Самұрық-Қазына») «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Жалғыз акционері болып табылады. **GRI 102-5**

Бүгін «ҚТЖ» ҰК» АҚ – бұл логистика және тасымалдау компанияларын, барлық көлік түрлерінің терминалдық және магистралдық инфрақұрылымының иелерін біріктіретін көп деңгейлі вертикальды ықпалдастырылған көлік-логистикалық холдинг.

Компания мен ЕТҰ теміржол және теңіз тасымалдарын жүзеге асырады, логистикалық орталықтардың, сондай-ақ теңіз порты, әуежай және автожол инфрақұрылымы қызметтерін көрсетеді. **GRI 102-2**

# Компанияның географиядағы және нарықтағы орны

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың басты офисі Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 6 мекен-жайында орналасқан. **GRI 102-3**

Компанияның Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде келесі өкілдіктері бар:

1. ҚХР Шыңжан-Ұйғыр автонóмды ауданындағы өкілдік (Үрімші қаласы);
2. Орталық Азия өңіріндегі өкілдік (Ташкент қаласы);
3. Түркіменстандағы өкілдік (Ашхабад қаласы).

2018 жылдың соңында Балтия мен Батыс Еуропа елдеріндегі өкілдік (Рига қаласы) жабылды.

«ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ өкілдіктері:

1. Ресей Федерациясындағы өкілдік (Мәскеу қаласы);
2. ҚХР ОША елдеріндегі өкілдік (Пекин қаласы);
3. Иран Ислам Республикасындағы өкілдік (Тегеран қаласы). **GRI 102-4**

2018 жылы контейнерлік тасымалдар көлемі 537,4 мың ЖФБ болды, бұл 2017 жылғы деңгейден 55%-ға жоғары (347,5 мың ЖФБ), соның ішінде Қытай/Азия - Еуропа – Қытай/Азия бағытында 310,8 мың ЖФБ болды, немесе 2017 жылғы деңгейге қарағанда 1,5 есе (201,2 мың ЖФБ) болды. Бұл ретте Еуропадан кері Қытай бағытында жүктеу 76% деңгейінде қамтамасыз етілді.

2018 жылы Компания жеткізу географиясы мен тәсілдерін көбейтті, соның ішінде рефрижераторлық контейнерлік поездарда. Тасымалдарды контейнерлендіру эскпорттық жеткізілімдерді кеңейтуге және контейнерлік поездар айналымын жылдамдату есебінен көліктік құрамдас бөлікті оңтайландыруға мүмкіндік берді. Сондай-ақ Компания қазақстандық темір жолда, сондай-ақ экспортқа ұдайы тікелей астық шаттлдарын іске қосты. **GRI 102-6**

## «ҚТЖ» ҰК» АҚ шетелдегі өкілдіктері

**ҚХР СҰАА-дағы өкілдік (Үрімші қаласы)**

2018 жылы ҚР мен ҚХР арасындағы жүк тасымалдау көлемі 13 977 мың тонна болды, бұл 2017 жылғыдан 3 827 мың тоннаға, немесе 37,2%-ға артық (10 152 мың тонна).
Өсу металл рудалары, астық, мұнай өнімдері, түсті металдар, қара металдар, өсімдік майы, хризолитті асбест, кебек пен ұн елеу қалдықтары экспортының өсуінен, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ҚХР бағытында тыңайтқыштардың, контейнерлердегі жүктердің және ҚХР-дан химикаттардың, құрылыс, азық-түлік жүктерінің және контейнерлердегі жүктердің транзиттік тасымалдарының, сондай-ақ кокс, химикаттар, азық-түлік жүктері импортының көбеюінен болды.
Бұл ретте Қытай – Еуропа - Қытай маршруты бойынша 2018 жылы 2925 контейнер поезы ұйымдастырылды, бұл 2017 жылғыдан 955 поезд артық.

Тасымалдау көлемін арттыру мақсатында Қазақстан мен Қытай аумағы арқылы жүк тасымалдауға қолайлы тарифтік шарттар белгіленді.

**Түркіменстандағы өкілдік (Ашхабад қаласы)**

2018 жылы Қазақстан мен Түркіменстан аумағы арқылы жүк тасымалдау көлемі 1568,1 мың тонна болып, 2017 жылғы көрсеткіштерге қарағанда 346,1 мың тоннаға, немесе 28%-ға өсті, өсу Түркіменстанға/нан астық, бидай ұнын, мал азығына арналған ұнды, кебек пен ұн елеу қалдықтарын тасымалдаудың көбеюінен, сондай-ақ Түркіменстан арқылы/Түркіменстаннан химикаттар мен соданың, картоптың, цитрустылардың және шыны бұйымдарының импорттық тасымалдарының көбеюінен болды.

Тасымалдау көлемін арттыру мақсатында Қазақстан мен Түркіменстан аумағы арқылы жүк тасымалдауға қолайлы тарифтік шарттар белгіленді.

Сонымен бірге өкілдік «мұнай коксы» транзиттік жүгін тарту бойынша жұмыс жүргізді, ол Түркіменбашы қаласынан Қазақстан арқылы транзитпен ҚХР-ға (Алашанькоу ст.) тиеп жөнелтіледі. Жалпы көлемі - айына 7-10 мың тонна.

Ауғанстанға астық экспортын ұлғайту және жүктерді жеткізудің балама маршруттарын іздеу мақсатында Өкілдік МЖДТТ-мен бірлесіп Түркіменстан мен Ауғанстан шекаралық теміржол станцияларына (Имамназар-Акина мен Серхетабад-Тургунди) сапар ұйымдастырып, оның барысында ТРК аумағы арқылы Ауғанстан бағытында транзитпен қазақстандық жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру мәселелерін қарады, сондай-ақ Түркіменстан мен Ауғанстан көлік инфрақұрылымының мүмкіндіктерімен және шекаралық теміржол өтпелерінің қуаттылығымен танысты.

**Орталық Азия өңіріндегі өкілдік (Ташкент қаласы)**

2018 жылы тасымалдау көлемі 23 541,6 мың тонна болып, өткен жылдың осындай кезеңіне қарағанда 3 082,4 мың тоннаға, немесе 15%-ға өсті.
Өсу Өзбекстанға астық, қара металдар, шикі мұнай, цемент, бидай ұны экспортының, Өзбекстаннан/арқылы химикаттар, қара металдар, цитрустылар, жас көкөністер, көлік құралдары импортының көбеюінен, Өзбекстанға қара металдар, темір рудасы, астық, ағаш сүрегі, химиялық жүктер, Қытай мен Кореядан Өзбекстанға машиналар мен жабдықтар, сондай-ақ Өзбекстаннан Украина мен Малайзияға тыңайтқыштар, Өзбекстаннан Ресей мен Қытайға көкөністер мен жемістер транзитінің көбеюінен болды.

Тасымалдау көлемін **арттыру** мақсатында Қазақстан мен Өзбекстан аумағы арқылы жүк тасымалдауға қолайлы тарифтік шарттар белгіленді.

Өкілдік тұрақты негізде нарықтың маркетингтік талдауын, сондай-ақ тасымалдау процесі мен қазақстандық машина жасау өнімдерін экспорттау кезінде туындайтын мәселелерді шешу жұмысын жүргізеді.

2018 жылдың қорытындылары бойынша теміржол әкімшіліктері арасында 6 үкіметаралық келісімге, 3 келісімге, 1 меморандумға және 23 хаттамаға қол қойылды.

## «ҚТЖ-ЖҮК ТАСЫМАЛЫ» АҚ-тың шетелдегі өкілдіктері

**Ресей Федерациясындағы өкілдік (Мәскеу қаласы)**

2018 жылы Қазақстан мен Ресей арасындағы жүк тасымалдау көлемі 85 460,8 мың тонна болып, 2017 жылмен салыстырғанда 467,7 мың тоннаға, немесе 1%-ға өсті.
Айтарлықтай емес өсу РФ арқылы химикаттар, көмір мен астық экспортының 1 903,3 мың тоннаға ұлғаюынан болды. Бұл ретте Ресейге көмір мен темір рудасы экспортының 1 439 мың тоннаға қысқаруы болды.
Транзиттік тасымалдар 12 865 мың тонна болып, Өзбекстаннан Ресейге химикаттар жеткізілімдерінің, Ресейден Қырғызстанға, Өзбекстанға және Қытайға мұнай өнімдері, Өзбекстанға, Қырғызстанға және Тәжікстанға қара металдар, Орталық Азия елдеріне азық-түлік жүктері мен қант, Иранға астық, Қытай мен Қырғызстанға тыңайтқыштар, Өзбекстанға темір рудасы жеткізілімдерінің, сондай-ақ ҚР мен РФ аумағы арқылы транзитпен Өзбекстаннан Украинаға тыңайтқыштар, Қытайдан Польша мен Германияға және Кореядан Өзбекстанға машиналар мен жабдықтар жеткізілімдерінің өсуі есебінен 810 мың тоннаға, немесе 7%-ға өсті. Бұл ретте құрылыс жүктері, түсті руда, металлургия шлактары, мұнай өнімдері тасымалдарының азаюы есебінен РФ-дан/ға импорт 807,1 мың тоннаға, немесе 6%-ға азайды.

Тасымалдау көлемін арттыру мақсатында Қазақстан мен Ресей аумағы арқылы жүк тасымалдауға қолайлы тарифтік шарттар белгіленді.

Сонымен бірге Өкілдік Усть-Луга портына және Высоцкқа графиктің қосымша тіндерін бөлу мүмкіндігі, график тіндері бойынша 700 км/тәулік жылдамдығымен көмір маршрутын белгілеу, сондай-ақ салмағы 9000 тонна жүккөтергіштігі 75 тонна «РЖД» ААҚ ашық вагондарында көмір маршрутының график тіндері бойынша бос вагондарды қайтара отырып Шұбаркөл – Лужская – Шұбаркөл тікелей жөнелту маршрутын жөнелтуді ұйымдастыру жұмысы жүргізілуде.

**ҚХР мен ОША елдеріндегі өкілдік (Пекин қаласы)**

2018 жылы ҚР мен ҚХР арасындағы жүк тасымалдау көлемі 13 977 мың тонна болды, бұл 2017 жылғыдан 3 827 мың тоннаға, немесе 37,2%-ға артық (10 152 мың тонна).
Өсу металл рудалары, астық, мұнай өнімдері, түсті металдар, қара металдар, өсімдік майы, хризолитті асбест, кебек пен ұн елеу қалдықтары экспортының өсуінен, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ҚХР бағытында тыңайтқыштардың, контейнерлердегі жүктердің және ҚХР-дан химикаттардың, құрылыс, азық-түлік жүктерінің және контейнерлердегі жүктердің транзиттік тасымалдарының, сондай-ақ кокс, химикаттар, азық-түлік жүктері импортының көбеюінен болды.
Бұл ретте Қытай – Еуропа - Қытай маршруты бойынша 2018 жылы 2925 контейнер поезы ұйымдастырылды, бұл 2017 жылғыдан 955 поезд артық.

Тасымалдау көлемін арттыру мақсатында Қазақстан мен Қытай аумағы арқылы жүк тасымалдауға қолайлы тарифтік шарттар белгіленді.
Сонымен бірге Өкілдік Қазақстанға/арқылы/нан қосымша жүк ағынын тарту жұмысын тұрақты негізде жүргізеді. Мәселен, 2018 жылғы мамыр айында ҚХР-дың жетекші логистикалық платформаларымен ЕО - ҚХР – ЕО маршруты бойынша контейнерлік поездардың тасмалдау 2018 жылға арналған жоспарлары бар келісімдер жасалды, ҚХР аумағына қазақстандық өнімдердің (бидай, соя ұрықтары, кебек және т.с.с.) импортын арттыру жөніндегі іс-шаралар өткізілді.

**Иран Ислам Республикасындағы өкілдік (Тегеран қаласы)**

2018 жылы Қазақстан мен Иран арасындағы жүк тасымалдау көлемі 2 066,6 мың тонна болды, бұл 2017 жылғыдан 192,6 мың тоннаға, немесе 10%-ға артық.
Өсу экспорттық тасымалдар көлемінің 138,1 мың тоннаға, немесе 9%-ға және астық жүктерінің көбеюіне байланысты транзиттік тасымалдардың 75,3 мың тоннаға, немесе 29%-ға ұлғаюынан болды.

Өкілдік нарықты талдауды және қосымша жүк ағынын тарту жұмысын тұрақты жүргізеді.
Қытай - Қазақстан - Түркіменстан - Иран маршруты бойынша ұдайы контейнерлік поезд іске қосылғанын атап өткен жөн. 2018 жылы барлығы 1000 ЖФБ-ға жуық жүк тасымалданды. Ирандағы өкілдіктің жәрдемдесуімен бұл маршрутқа қосымша жүк көлемі тартылды (мәлімделді) – 48 мың контейнер, көбінесе Қытайдан Иранға. Сондай-ақ кері бағытта жалпы көлемі 1 млн. тоннаға жуық битум, құрылыстық қаптауыш тастар, керамика, мұнай-химиялық материалдар тиелді.

Тасымалдау көлемін арттыру мақсатында Қазақстан мен Иран аумағы арқылы жүк тасымалдауға қолайлы тарифтік шарттар белгіленді.

# Персонал саны

Компания Қазақстандағы жұмысшылары ең көп жұмыс беруші болып табылады: Қазақстан Республикасы тұрғындарының 0,8 %-ға жуығы «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының ұйымдарында жұмыс істейді. 2018 жылдың соңында Компания қызметкерлерінің іс жүзіндегі саны 135 952 адам болды.

**GRI 102-7, GRI 102-8**

*1-диаграмма. Персоналдың жасы бойынша құрылымы*




*2-диаграмма. Компаниялар тобы бойынша персоналдың гендерлік белгісі бойынша құрылымы*




*3-диаграмма. Филиалдар мен шешуші ЕТҰ бөлінісінде персоналдың гендерлік белгісі бойынша құрылымы*



*4-диаграмма Филиалдар мен шешуші ЕТҰ бөлінісінде персоналдың гендерлік белгісі бойынша құрылымы*

**«Жолаушылар тасымалы» АҚ**




**соның ішінде басшы персоналдың гендерлік белгі бойынша құрылымы**




**«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ**




**соның ішінде басшы персоналдың гендерлік белгі бойынша құрылымы**




топ-менеджмент | басшылар | мамандар | қызметшілер, жұмысшылар

**«Қазтеміртранс» АҚ**




**соның ішінде басшы персоналдың гендерлік белгі бойынша құрылымы**




**«KTZ Express» АҚ**




**соның ішінде басшы персоналдың гендерлік белгі бойынша құрылымы**



# Жеткізулер тізбегі

Сатып алу қызметін жүзеге асырған кезде Компания «Самұрық-Қазына» АҚ-тың Сатып алу қызметін басқару саясатын және «Самұрық-Қазына» АҚ-тың және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан артқы пайызы тікелей немесе жанама меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тиесілі ұйымдардың тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сатып алу қағидасын басшылыққа алады. **GRI 102-9**

Бұл Саясат пен Сатып алу қағидасы сатып алу қызметін басқарудың келесі принциптерін белгілейді:

- Үнемдеу принципі (қаражатты рационалды жұмсау);
- Сатып алудың айқындылығы принципі;
- Адалдық принципі;
- Жеткізушілермен қарым-қатынастарды дамыту принципі;
- Сатып алудың уақтылығы принципі;
- Сатып алуды басқару процестерін жетілдіру принципі;
- Қорларды барынша азайту принципі.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың сатып алуы туралы барлық ақпарат Компанияның www.railways.kz корпоративтік сайтында, сондай-ақ www.tender.sk.kz мамандандырылған сатып алу порталында орналастырылады және барлық ықтимал жеткізушілерге қолжетімді. Электрондық сатып алу жүйесі сатып алу процесінің тімділігін елеулі арттыруға және оны бұрынғыдан айқын етуге мүмкіндік берді. **GRI 102-9**



# 2018 ЖЫЛҒЫ САТЫП АЛУ

*5-диаграмма. Сатып алу жоспары, млн. теңге*




*6-диаграмма. Жүргізілген сатып алу, млн. теңге*




*4-кесте. 2018 жылғы сатып алу*

| Көрсеткіш | Құрылымдық бөлімшелер | Еншілес ұйымдар |
|---|---|---|
| **Сатып алу жоспары** | **674 791** | |
| Ашық тендер | 79 777 | 115 905 |
| Баға ұсыныстары | 4 620 | 8 400 |
| Бір көз | 125 406 | 340 683 |
| **Сатып алу жүзеге асырылды** | **674 553** | |
| Ашық тендер | 68 413 | 34 545 |
| Баға ұсыныстары | 2 802 | 5 751 |
| Бір көз | 138 467 | 424 575 |

# САТЫП АЛУДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚҰРАМ

*5-кесте. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті құрамның үлесі*

**GRI 204-1**

| Көрсеткіш | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | % 2017-2018 жылдардағы өзгеріс |
|---|---|---|---|---|---|
| Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті құрамның үлесі, % | 72% | 75% | 84% | 79% | - 5% |

# КОМПАНИЯНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ

## Компанияның Трансформациялау бағдарламасын іске асыру

2014 жылы басталған Трансформациялау бағдарламасына 3 негізгі бағыт енді: 1) Компанияның құнын арттыру; 2) портфелінің құрылымын және инвестициялық қызметті жүзеге асыруға деген көзқарасты өзгерту; 3) Компанияны басқару жүйесіндегі өкілеттіктер мен жауапкершілікті бөлуді өзгерту.

Есеп беріліп отырған кезеңде кадрлық және ұйымдастырушылық өзгерістерді, сондай-ақ Бағдарламаны іске асыруға деген көзқарасты ескере отырып, Трансформациялау бағдарламасының жобалар портфелі, сондай-ақ жобалардың бюджеттері, пайдасы қайта қаралды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Даму стратегиясы мен Компания қызметінің операциялық моделіндегі өзгерістерге, ұйымдастырушылық өзгерістерге байланысты жобаларды іске асыру тәсілдері, 2019-2021 жылдарға арналған Трансформациялау бағдарламасын іске асыру жөніндегі жол картасы, 2019-2023 жылдарға арналған Бағдарламаның жобалар портфелі мен бюджеті қайта қаралды.

Қазіргі уақытта Бағдарлама жобаларды іске асыру кезеңінде тұр. Бекітілген жұмыс жоспарларына сәйкес 2018 жылдың қорытындылары бойынша жобалар бойынша сапалық және қаржылық нәтижелерге қол жеткізілді.

2018 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдарын таралымдау» SSC-2 жобасы бойынша бухгалтерлік және салықтық есепке алу жөніндегі 12 өңірлік қызмет көрсету орталығы құрылды, оған еліміздің 47 елді мекені аумақтық тұрғыда тартылды. **GRI 102-10**

• Активтерді басқару жөніндегі процестерді енгізу бойынша (ТҚжЖ): 2018 жылы активтерді оңтайландыру, жайларды жалға беру, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-тың сервистік қызмет көрсетудің жаңа SLA моделіне көшу есебінен 6,86 млрд. теңге мөлшеріндегі әсерге қол жеткізілді. 2021 жылға дейін сервистік қызмет көрсетудің жаңа SLA моделіне, қызмет көрсетудің (жөндеудің) тәуекелге бағдарланған моделіне көшу және активтерді оңтайландыру есебінен 14,4 млрд. теңге мөлшеріндегі әсер болады деп күтілуде.

• Маркетинг пен сатудың жаңа моделіне көшу бойынша: 2018 жылы Компанияның көлік-логистикалық қызметтерге арналған тендерлерге қатысуы процестерін жақсарту, сондай-ақ шаттл-поездар бойынша тасымалдау қызметтері есебінен 2,18 млрд. теңге мөлшеріндегі әсерге қол жеткізілді. 2021 жылға дейін болады деп күтілген әсерлер қайта қаралып, МК 2019 жылғы 31 қаңтардағы № ЦТБ-05-04/3 хаттамасына сәйкес алынып тасталды.

• Сатып алуды санаты бойынша басқару бойынша: 2018 жылы 6,79 млрд. теңге мөлшеріндегі әсерге сатып алу-санат стратегиясын (ССС) іске асыру есебінен қол жеткізілді. 17 ССС әзірленді, барлығы іске асырылып жатыр. 2021 жылдың соңына дейін 23,1 млрд. теңге мөлшеріндегі әсер болады деп күтілуде. «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобын модернизациялау және трансформациялау жөніндегі кеңесінің (бұдан әрі – Кеңес) 2018 жылғы 28 желтоқсандағы №ЦТБ-05-04/2 тапсырмасына сәйкес жоба Компанияның операциялық қызметіне тапсырылатын болады.

«Маркетинг пен сатудың жаңа моделін енгізу» жобасы бойынша 2018 жылы «KTZ Express» АҚ-та SAP CRM іске қосылды; CRM ЭҚА-мен ықпалдастырылды, «KT Cloud Lab» ЖШС негізінде байланыс орталығы енгізілді.

«Кәсіпорынды басқарудың негізгі процестерін енгізу» жобасы бойынша басқарушылық есепке алу бағыты бойынша:
• Бюджеттік жоспарлау және басқарушылық есептілік тұжырымдамасы;
• Бөлек есепке алу және өзіндік құнды есептеу тұжырымдамасы;
• «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының Бюджеттік жоспарлау, жоспарлық көрсеткіштердің орындалуын бақылау әдіснамасы (2018 жылғы 5 қазандағы №ЦТБ-08/23 хаттамасы) бекітілді.

«Өндірістік қауіпсіздікті басқару жөніндегі жаңа модельді енгізу» жобасы бойынша SAP негізіндегі автоматтандыру жұмыстары қаржыландырудың болмауына және жоспарланып отырған ұйымдастырушылық өзгерістерге байланысты тоқтатылды (2018 жылғы 28 желтоқсандағы № ЦТБ-05-04/2 хаттамасы).

Функционалдық периметрдің кеңеюіне және міндеттердің қайта бөлінуіне байланысты Модернизациялау жөніндегі кеңестің 2018 жылғы 19 қазандағы отырысында (№ЦТБ-05-04/5 хаттамасы) «Кәсіпорынды басқарудың негізгі процестерін енгізу» INT-1 жобасы «Кәсіпорынды басқарудың негізгі процестерінің реинжинирингі және автоматтандырылуы» болып атауы өзгертіліп, оған келесі жобалар: «Техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді басқарудың жаңа моделін енгізу» және «Тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен қамтамасыз ету жөніндегі бизнес-процестерді оңтайландыру» енді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобын модернизациялау және трансформациялау жөніндегі кеңесінің тапсырмасына сәйкес (2018 жылғы 28 желтоқсандағы №ЦТБ-05-04/2 хаттамасы) «Кәсіпорынды басқарудың негізгі процестерінің реинжинирингі және автоматтандырылуы» жобасы бойынша 2019 жылы «Дизайн» фазасының іске асырылуын ескере отырып, жобаның жұмыстары қайта қаралуда, «Дизайн» фазасының аяқталу қорытындылары бойынша жобаны әрі қарай іске асыру жөніндегі ұсыныстар (бюджеті, пайдасы, мерзімдері) беріледі. «Ықпалдастырылған жүйе» жобасы бойынша 2019 жылы жүйенің тек дизайнының іске асырылғанын ескере отырып жұмыстар қайта қаралуда, қорытындылары бойынша жобаны әрі қарай іске асыру жөніндегі ұсыныстар беріледі.

«Деректерді басқарудың жаңа моделін енгізу» жобасы бойынша 2018 жылы жобаны іске қосу жүзеге асырылып, «Дизайн» фазасы бойынша басталды. SAP MDG мастер-деректерді басқару жөніндегі автоматтандырылған жүйені енгізу жұмыстары орындалуда.

2019 жылдың бірінші жарты жылдығында «Маркетинг пен сатудың жаңа моделін енгізу», «Сатып алуды санаттық басқару» жобалары аяқталады.

Жалпы 2018 жылы инвестициялар 5,7 млрд. теңге болғанда Трансформациялау бағдарламасының жобаларын іске асырудан болған пайда 15,8 млрд. теңгеге жуық болды.

Сондай-ақ 2018 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдарының, өкілдіктері мен еншілес ұйымдарының CEO-2 деңгейлі қызметкерлері және «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппаратының CEO-3, 4 деңгейлі қызметкерлері үшін Job matching рәсімдері жүргізілді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппаратының CEO-2, 3, 4 деңгейлі қызметкерлерінің және «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдарының, өкілдіктері мен еншілес ұйымдарының CEO-2 деңгейлі қызметкерлерінің Job matching-i бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді («ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2018 жылғы 5 мамырдағы №02/15 шешімі). Орталық аппараттың, филиалдардың, өкілдіктер мен еншілес ұйымдардың CEO-2 деңгейіндегі позицияға 35 үміткер құзыреттерді бағалау мен алқалы әңгімелесуден өтті. Орталық аппараттың CEO-3, 4 деңгейлі 197 қызметкері жетекшілік етуші басшылардың төрағалық етуімен job matching-тен өтті.

2021 жылға дейін Трансформациялау бағдарламасының фокусы «Самұрық-Қазына» АҚ-тың жаңартылған Трансформациялау бағдарламасына сәйкес 5 бағыт бойынша іс-шараларды орындауға бағытталған:

1) Реинжиниринг және бизнес–процестерді цифрландыру;

2) «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тағы иелену құрылымы мен құқықтық нысандарды жеңілдету;

3) Портфельдік компанияларды IPO-ға шығару;

4) Адамдар трансформациясы;

5) Өзгерістерді басқару мен жобалық тәсілді енгізу.

**GRI 102-10**

## Сыртқы бастамаларға қатысу

«ҚТЖ» ҰК» АҚ өз қызметінде тұрақты даму принциптерін басшылыққа алады. Бұл тәуекелдерді және/немесе инциденттерді басқару бойынша шешімдер қабылдау мәселелеріне де қатысты. Күрделі немесе орны толмас залал қатері бар жағдайларда толық ғылыми сенімнің болмауы қоршаған орта жағдайы нашарлауының алдын алу бойынша экономикалық тиімді шаралар қолдануды кейінге қалдыру үшін себеп ретінде қолданылмайды. Осылайша, 1992 жылғы БҰҰ-ның Қоршаған орта мен даму туралы декларациясының №15 принципі (Сақтық принципі) сақталады. **GRI 102-11**

2011 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ БҰҰ-ның Ғаламдық шартына қосылды және БҰҰ-ның Ғаламдық шартының 17 мақсатын қолдайды. **GRI 102-12**

Өзінің мүдделі тараптарымен тиімді әрекеттесу мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ түрлі бастамаларды қолдайды және Қазақстан Республикасының Ұлттық экспедиторлар ассоциациясы, «KAZLOGISTICS» көлік және логистика ұйымдары мен ассоциациялары одағы сияқты түрлі одақтар мен ассоциацияларға қатысады. **GRI 102-13.**

# Тұрақты дамуды басқару

## Корпоративтік басқару




### Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі құрамының құрылымы Жалғыз акционер мүдделерінің әділ әрі объективті білдірілуін қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер белгілейді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 8 мүшесі бар, олардың үшеуі тәуелсіз. Директорлар кеңесі Компания қызметінің тиімді басқарылуы мен тиісінше бақылануы үшін Жалғыз акционер алдында жауапты болады.

2018 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 7 қатысатын және 2 сырттай отырысы өткізіліп, оларда 143 мәселе қаралды. **GRI 102-18**

## Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер

Қазір «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі жанында Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру және корпоративтік басқару құрылымын жетілдіру мақсатында құрылған және Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесу органы болып табылатын 4 комитет бар (Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 тамыздағы шешімі, №8 хаттама).

Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары болып табылады.

Компанияда Директорлар кеңесі жанында 4 комитет құрылып, жұмыс істеуде:

– Аудит жөніндегі комитет;

– Стратегиялық жоспарлау және инновациялар жөніндегі комитет;

– Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет;

– Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет.

2018 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің 34 отырысы өткізіліп, оларда 242 мәселе қаралды.
Тұрақты даму мәселелерін қарау Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитетінің құзыретіне жатады, бұл осы Комитеттің тұрақты даму мәселелерінде жалпы үйлестіру функциясын қарастырады.
Тұрақты даму мәселелерін өз құзыреттері шеңберінде басқа комитеттер де қарайды.

## Басқарма

Қоғам қызметінің стратегиясы бойынша ұсыныстар әзірлеу, Қоғамның қаржы-шаруашылық саясатын іске асыру, оның ағымдағы шаруашылық қызметінің маңызды мәселелері бойынша шешімдер әзірлеу және оның бөлімшелерінің жұмысын үйлестіру, бақылау жүйесінің және тәуекелдерді мониторингтеу жүйесінің тиімділігін арттыру, Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету Басқарманың негізгі міндеті болып табылады.
2018 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 47 отырысы өткізілді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдары «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының қарауына 387 мәселе енгізді.
**GRI 102-22**



# Ұйымдастырушылық құрылым

*4-сурет. «ҚТЖ» ҰК» АҚ ұйымдастырушылық құрылымы*




## Корпоративтік басқару кодексі

Компанияда басқару жүйесін жетілдіру мақсатында 2015 жылғы 27 мамырда «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (№22/15 хаттамасы) Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – Кодекс) бекітілді.

Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру, басқарудың айқындылығын қамтамасыз ету, Компанияның корпоративтік басқару стандарттары жолын ұстанатындығын растау Кодекстің мақсаттары болып табылады. Кодекс 2 бөліктен: негізгі принциптерден және аннотациялардан – қағидалар мен негізгі принциптерді іске асыруға арналған түсіндірмелерден тұрады.

Компаниядағы корпоративтік басқару туралы егжей-тегжейлі ақпарат Компанияның корпоративтік сайтында (www.railways.kz) орналастырылған Компанияның 2018 жылғы есебінде берілген. **GRI 102-18**

# Тұрақты даму және мүдделі тараптармен әрекеттесу саясаты

Кодекске сәйкес тұрақты даму Компаниядағы корпоративтік басқарудың шешуші принциптерінің бірі болып табылады. Компания бұл ретте өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз ете отырып ұзақ мерзімді құнды өсіруге және мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтауға талпынады. Компания ұзақ мерзімді кезеңде соның ішінде акционерлер мен инвесторлар үшін ұзақ мерзімді құнды өсіру кіретін тұрақты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісімді болуын қамтамасыз етеді. Компаниядағы тұрақты даму үш құрамдас бөліктен тұрады: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік.

Компания бүкіл тобында тұрақты даму принциптерінің ілгерілуін қамтамасыз етеді.

Мүдделі тұлғалармен әрекеттесу Компанияның жергілікті актілерінде белгіленеді.

Компания өкілдерінің мүдделі тараптардың қызметіне белгіленген тәртіппен қатысуы Компанияның олармен әрекеттесуінің негізгі нысаны болып табылады. Мүдделі тараптармен әрекеттесудің мамандандырылған жоспары әзірленуде. **GRI 102-18**

Бизнестің корпоративтік идеологиясы мен философиясы шеңберінде Компания мүдделі тараптар алдында бірқатар міндеттемелер алды:

- **<u>Жалғыз акционер алдында</u>**

  Жалғыз акционердің мүлкін қорғау, акционерлік капиталдың құнын барынша жоғарылатуға және осы сала үшін пайданың бәсекеге қабілетті нормасын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қолдану.

- **<u>Клиенттер алдында</u>**

  Клиенттердің сеніміне ие болу және сақтау, бизнес-процестерді және басқару жүйесін тұрақты жақсарту негізінде тиімді бағасымен, қауіпсіздігімен, сапасымен және сервистік қызмет көрсетуімен ерекшеленетін қызметтерді ұсыну.

- **<u>Қызметкерлер алдында</u>**

  Қызметкерлердің құқықтарын сыйлау, оларға еңбектің лайықты және қауіпсіз жағдайын жасау, сондай-ақ саланың ерекшелігін ескере отырып еңбекке ақы төлеудің бәсекеге қабілетті шарттарын және әлеуметтік төлемдер ұсыну.

  Біздің қызметкерлеріміздің кәсіби дамуына жәрдемдесу, олардың іске асырылуына және шығармашылық бастамасын білдіруіне мүмкіндік беру.

  Қызметкерлердің, сондай-ақ Компания жүзеге асыратын қызметпен байланысты қауіптерге ұшырауы мүмкін басқа мүдделі тараптардың жарақаттануы мен денсаулығының нашарлауын болдырмау.

- **Іскер серіктестер алдында**

  Мердігерлермен, жеткізушілермен, бірлескен кәсіпорындар бойынша серіктестермен өзара тиімді ынтымақтасуға талпыну. Компания қызметінің жалпы принциптерін немесе ынтымақтасудағы оларға ұқсас принциптерді қолдануға мүмкіндік беру. Мұндай принциптерді тиімді қолдану мүмкіндігі шешім қабылдау немесе серіктестік қарым-қатынастарын жалғастыру үшін маңызды фактор болып табылады.

- **Қоғам алдында**

  Қызметті корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік приницптерін ескеріп жүзеге асыру; Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін сақтау; адам құқықтарын қолдау; қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды орындау және қоршаған ортаның ластануын болдырмау. **GRI 102-43**

# Этика және адалдық

Этикалық стандарттар мен нормаларды қалыптастыру әрі қолдау мақсатында Компанияда Іскерлік этика кодексі әзірленіп бекітілді. **GRI 102-16**

Аталған Кодекстің мақсаты корпоративтік мәдениетті дамыту әрі жетілдіру, іскерлік мінез-құлық практикасын қолдану негізінде Компанияның лауазымды тұлғаларынын/қызметкерлерінің мүдделі тұлағалармен тиімді әрекеттесуіне ықпал ету.

Адалдық, парасаттылық, адамдарға деген құрмет, өзара көмек көрсету және сенім оларды негізге ала отырып Компания қызметі қалыптасатын негізге алынатын корпоративтік құндылықтар болып табылады.

Іскерлік этика кодексі талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Кодекс ережелерін білуді ұдайы қадағалап отыру және тексеру тәжірибесі енгізілуде.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерінің Іскерлік этика кодексі ережелерін бұзуы туралы хабарлар :

– шабарманмен, почта экспедициясы арқылы;

– temirzhol@railways.kz электронды почтасы арқылы;

– «Б» блогының фойесінде рұқсаттама бюросының жанында орналастырылған почта жәшіктері арқылы;

– сенім телефоны бойынша.

Компаниядағы күрделі бұзушылықтар туралы хабарларға арналған «Шұғыл желіні» «Самұрық-Қазына» АҚ-тың қолдауымен тәуелсіз халықаралық «Deloitte» консультациялық компаниясы әкімшілейді, бұл осы құралды тәуелсіз және анағұрлым тиімді етеді. Осы «Шұғыл желі» шеңберінде sk.hotline@deloitte.kz электронды адресі және www.sk.deloitte-hotline.com интернет порталы қолжетімді. **GRI 102-17**

Мәселен, 2018 жылы «Шұғыл желіге» 30-ға жуық арыз-өтініш келіп түсті, негізінен жұмысқа алудың тең емес шарттары, сондай-ақ пара алу, сыбайлас жемқорлық немесе қаражатты тиімсіз пайдалану мәселелері бойынша. Қаралған мәселелердің көпшілігі бойынша түсіндірулер берілді, расталған фактілер бойынша тиісті шаралар қолданылды. **GRI 205-3**

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Компанияның тұрақты дамуы жолындағы кедергілерді жою мақсатында алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталған белсенді іс-шараларды жүргізуде. Мәселен, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеу, қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар тарапынан мінез-құлықтың жоғары стандарттарын ұстану атмосферасын қалыптастыру шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясатын бекітті.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу тиімділігін арттыру мақсатында Компанияда «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары фактілері туралы хабарлаған сыбайлас жемқорлықпен күресуге жәрдемдесетін адамдарды қорғау саясаты бар.

Сыбайлас жемқорлық немесе алаяқтық тәуекелдерін бағалау мәселелері бойынша арнаулы оқытуды да, сол сияқты мұндай тәуекелдерді бағалауды да Компания 2017 жылы жүргізген жоқ.

Бұл ретте Ішкі аудит қызметі Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес аудиторлық тапсырмалар шеңберінде алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалайды.

Сыбайлас жемқорлық немесе алаяқтық тәуекелдерін бағалау мәселелері бойынша арнаулы оқытуды да, сол сияқты мұндай тәуекелдерді бағалауды да Компания 2018 жылы жүргізген жоқ.

Бұл ретте компаниялар тобында алаяқтық жасау тәуекелін және алаяқтық тәуекелін басқару тиімділігін бағалау Ішкі аудит қызметі міндеттерінің бірі болып табылады, ол аудиторлық тапсырмаларды орындау шеңберінде практикада жүзеге асырылады. Компания үшін анағұрлым үлкен және қауіпті алаяқтық тәуекелдері «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та және оның еншілес ұйымдарында алаяқтықты анықтау және оның алдын алу жөніндегі әдіснамалық ұсынымдардың көмегімен сәйкестендіріледі. **GRI 205-1**

Компанияның Жарғысына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету мәселелері жөніндегі реттеушілік талаптарды бұзбау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау тетіктерін және Экономикалық ынтымақтасу және даму ұйымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуінің озық халықаралық тәжірибесін енгізу үшін Компанияда Комплаенс қызметі құрылып, жұмыс істеуде. 2018 жылы Компанияның келесі ішкі құжаттары :

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар әзірлеу жөніндегі егжей-тегжейлі жоспар;
- Комплаенс қызметінің «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларындағы комплаенс функциясының референстік моделі бойынша талаптарды ескеретін 2019 жылға арналған жұмыс жоспары;
- Тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сатып алуды ұйымдастырған және жүргізген кезде «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі алдын алу шаралары;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының сатып алу қызметі саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты әзірленіп, белгіленген тәртіппен бекітілді. **GRI 205-2**

Аталған шаралар жиынтығы Компаниядағы алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың ықтимал тәуекелдерін едәуір төмендетуге мүмкіндік береді.

Корпоративтік дау-жанжалдарды шешу үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі корпоративтік омбудсменді тағайындады. Корпоративтік омбудсменнің кеңсесіне жыл сайын 100-ден 200-ге дейін арыз-өтініштер келіп түседі. Омбудсмен ұсыныстарының 90%-ынан астамы және оның көмегімен дайындалған қызметкерлердің сотқа берген барлық дерлік арыз-өтініштері қанағаттандырылады.

Дау-жанжал жағдайларының профилактикасы ретінде қызметкер - Компания, клиент-Компания саласындағы арандату факторларын зерделеу мен анықтау, кеңес беру және қолданыстағы заңнаманы түсіндіру жұмысы жүргізіледі.

Корпоративтік омбудсменнің телефоны:
+7 7172 604031 Жүсіпов Бейбіт Ғазизұлы

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІК

*6-кесте. Жасалған және бөлінген тікелей экономикалық құн* **GRI 201-1**

| Көрсеткіштер | 2015 ж. | 2016 ж. | 2017 ж. | 2018 ж. | % 2017-2018 жылдардағы өзгеріс |
|---|---|---|---|---|---|
| EBITDA, млрд. теңге | 163 | 207 | 214 | 253 | 18% |
| Негізгі қызметтен түсетін кіріс, млрд.теңге | 754 | 825 | 914 | 1 050 | 15% |
| Іске асырудың өзіндік құны, млрд. теңге | 601 | 644 | 703 | 801 | 14% |
| Операциялық пайда, млрд. теңге | 55 | 86 | 105 | 128 | 22% |
| Бір жылғы таза пайда, млрд. теңге | -461 | 41 | 11 | -87 | |
| EBITDA margin, % | 21,70% | 25,10% | 23,42% | 24,10% | 3% |

*7-кесте. Ағымдық қызметке арналған шығыстар*

| Бап | 2015 ж. | 2016 ж. | 2017 ж. | 2018 ж. | % 2017-2018 жылдардағы өзгеріс |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскен ақша жиынтығы, млн.теңге** | **754** | **825** | **914** | **1 050** | 15% |
| жүк тасымалдары, млрд. теңге | 629 | 688 | 770 | 900 | 17% |
| жолаушы тасымалдары, млрд. теңге | 72 | 80 | 82 | 84 | 3% |
| субсидиялар, млрд. теңге | 22 | 23 | 20 | 21 | 1% |
| өзгесі, млрд. теңге | 31 | 34 | 42 | 44 | 6% |
| Операциялық шығындар, млрд. теңге | 1 252 | 1 042 | 1 040 | 1 231 | 18% |
| Еңбекақы және өзге төлемдер, млрд. теңге | 249 | 261 | 277 | 304 | 10% |
| Салықтар, млрд. теңге | 24 | 26 | 34 | 35 | 3% |
| EBITDA, млрд. теңге | 163 | 207 | 214 | 253 | 18% |

## Тікелей емес экономикалық ықпалдар

«ҚТЖ» ҰК» АҚ әлеуметтік бағыттағы түрлі іс-шараларды қаржыландыруға белсенді қатысады. Жергілікті қауымдастықтарға және жалпы өңірлерге мұндай іс-шаралардың көпшілігінің тікелей немесе тікелей емес оң экономикалық ықпалы бар. **GRI 203-2**



*8-кесте. Әлеуметтік-экономикалық дамуға бағытталған жалпы сомалар, мың теңге*

**GRI 201-1, GRI 204-1**

| Көрсеткіш | 2015 ж. | 2016 ж. | 2017 ж. | 2018 ж. | % 2017-2018 жылдардағы өзгеріс |
|---|---|---|---|---|---|
| Кәсіптік оқуға және біліктілікті арттыруға арналған шығыстар, мың теңге | 253 380 | 212 611 | 1 725 248 | 2 111 802 | 1,2% |
| Салауатты өмір салтына және спортты дамытуға арналған шығыстар, мың теңге | 69 060 | 42 589 | 129 276 | 106 997,00 | -17,23% |
| Қызметкерлерді санаторлық-курорттық сауықтыруға арналған шығыстар, мың теңге | 827 799 | 681 446 | 582 845 | 1 019 684,00 | 74,95% |
| Қызметкерлерді материалдық қолдауға арналған шығыстар, мың теңге | 3 984 782 | 4 265 569 | 5 227 299 | 5 298 593,00 | 1,54% |
| Зейнеткерлерді санаторлық-курорттық сауықтыруға арналған шығыстар, мың теңге | 217 400 | 179 433 | 163 803 | 302 645,00 | 84,76% |
| Зейнеткерлерді материалдық қолдауға арналған шығыстар, мың теңге | 487 204 | 390 422 | 477 140 | 424 201,00 | -11,10% |
| Қызметкерлер балаларының жазғы демалысына арналған шығыстар, мың теңге | 428 185 | 369 956 | 357 776 | 546 935,00 | 52,87% |
| Балалардың жазғы сауықтыру демалысы орындарына, мектеп-интернаттарға және кері қарай жол жүруіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар, мың теңге | 31 200 | 39 619 | 35 409 | 43 682,00 | -1,29% |
| Қызметкерлердің балалары үшін жаңажылдық іс-шараларды (жаңажылдық таңертеңгіліктер, сыйлықтар) ұйымдастыруға арналған шығыстар, мың теңге | 168 704 | 310 252 | 372 136 | 308 921,00 | -16,99% |
| Мерекелік және мәдени-бұқаралық іс-шараларды жүргізуге | 243 607 | 182 526 | 112 604 | 165 108,00 | 46,63% |
| арналған шығыстар, мың теңге | | | | | |
| **Шығыстардың жиынтығы, мың теңге** **GRI 203-2** | **6 711 321** | **6 674 423** | **9 183 536** | **10 328 568** | **12,47%** |

*7-диаграмма. 2018 жылы Сатып алу жоспары бойынша жасалған жылдық шарттар өңірлер бөлінісінде, млн.теңге** **GRI 204-1**

«ҚТЖ» ҰК» АҚ сатып алуды жүргізу есебінен өңірлер экономикасының секторлары мен салаларына ықпал етеді. Бұл мердігер компанияларда қосымша жұмыс орындарының құрылуын қамтамасыз етеді, бұл қызметкерлер үшін оларға кіріс алып, қызметкерлерге еңбекақы төлеуге, сондай-ақ еліміздің бюджетіне салықтық түсімдерді түсіруге мүмкіндік береді.






**Ескертпе. Диаграммаға Нұр-Сұлтан мен Алматы қалалары бойынша салықтардың сомалары кіргізілмеген.*

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасындағы ірі салық төлеуші болып табылады. Салықтар мемлекеттік бюджет арқылы бюджет саласы қызметкерлеріне еңбекақы немесе мемлекеттік сатып алу ретінде қайта бөлінеді де, осылайша басқа компанияларға кіріс бере отырып, экономикаға қайта оралады.

*8-диаграмма. Қазақстан Республикасының бюджетіне «ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша 2018 жылы өңірлерде төленген салықтар мен басқа да міндетті төлемдер, млн.теңге**




**Ескерту. Диаграммаға Нұр-Сұлтан қаласы бойынша шарттардың сомалары енгізілмеген*

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлері қызмет көрсететін кейбір станциялар мен разъездерде ауызсу жоқ. Компания елді мекендерді Компания қызметкерлерін де, сонда тұратын тұрғындарды да тасымалданатын сумен қамтамасыз етеді. **GRI 203-1, GRI 203-2**

*Таза ауызсуы жоқ «ҚТЖ» ҰК» АҚ станциялары мен разъездерінде тасымалданатын сумен қамтамасыз етілген адамдар саны, адам*

| Өңірлердің атауы | Адам саны |
|---|---|
| **Орталық және шығыс өңір** | **697** |
| **Оңтүстік өңір** | **513** |
| **Солтүстік өңір** | **916** |
| **Батыс өңір** | **697** |
| **Барлығы** | **2 823** |

2010 жылдан бергі кезеңде Компания жалпы ұзындығы 1 822 км жаңа теміржол желілерін салып пайдалануға берді. Теміржол желілерін салу ҚР өңірлерінде жаңа жұмыс орындары мен әлеуметтік объектілердің ашылуына мүмкіндік берді. Құрылыс кезінде 11 025 жұмыс орны, 2018 жылғы 31 желтоқсанға қарағандағы жағдай бойынша пайдалану кезінде 3 551 жұмыс орны құрылды, 86 әлеуметтік объект салынды. **GRI 203-2**

***Өңірлер бөлінісінде теміржол желілерін салу шеңберінде жұмыс орындарын құру жөніндегі ақпарат***

| № | Атауы | Жетіген - Қорғас | Өзен-Түркімен-станмен мемлекет-тік шекара | Жезқазған-Бейнеу | Арқалық-Шұбаркөл | Боржақты-Ерсай | Алматы-Шу |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ашылған бөліну пункттері | 6 | 7 | 45 | 6 | 2 | |
| 2 | Құрылған жұмыс орындары | | | | | | |
| | - құрылыс кезінде | 3 568 | 2 015 | 2 963 | 1 896 | 110 | 473 |
| | - 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдалану кезінде | 1 363 | 556 | 932 | 582 | 40 | 78 |
| 3 | Салынған әлеуметтік объектілер: | 11 | 10 | 48 | 16 | 1 | - |
| | жалпы білім беретін мектеп | 2 | - | - | - | - | - |
| | медициналық пункт | 1 | - | - | - | - | - |
| | шекаралық бақылау қызметкерлеріне арналған жатақхана | 1 | - | - | - | - | - |
| | мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері | 1 | - | - | - | - | - |
| | отбасы-дәрігерлік амбулаториясы | 1 | - | - | - | - | - |
| | Жол жүріп келгендерге арналған үйі бар тұрмыстық қызмет көрсету комбинаты | 1 | 1 | - | - | - | - |
| | асхана | 2 | 1 | - | - | - | - |
| | монша | 1 | 2 | - | - | - | - |
| | мәдени-спорттық жайлары бар қонақүй үлгісіндегі үй | 1 | - | - | - | - | - |
| | азық-түлік дүкені | - | 1 | - | - | - | - |
| | өнеркәсіп тауарлары дүкені | - | 1 | - | - | - | - |
| | азық-түлік және өнеркәсіп тауарлары дүкені | - | 1 | - | - | - | - |
| | наубайхана | - | 1 | - | - | - | - |
| | желілік амбулатория | - | 1 | - | - | - | - |
| | фельдшер-акушерлік пункт | - | 1 | - | - | - | - |
| | тұрғын үйлер | - | - | 48 | 16 | 1 | - |

# Әлеуметтік жауапкершілік



«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасындағы ірі жұмыс беруші және салық төлеуші болып табылады. Бұл ретте «ҚТЖ» ҰК» АҚ елімізде географиялық тұрғыда кең таралған жұмыс беруші болып табылады. Бұл жағдаяттар Компанияға үлкен әлеуметтік міндеттерді жүктейді және Компания оларды абыроймен орындауда.

# Әлеуметтік жауапкершілік

## Персонал

Теміржол жолдарындағы көптеген жұмыстар физикалық тұрғыдан ауыр болғандықтан Компания қызметкерлерінің едәуір көпшілігі ерлер. **GRI 401-1**

*9-диаграмма. Персонал бойынша негізгі көрсеткіштер*




*10-диаграмма. Персоналдың гендерлік құрылымы, %*




*11-диаграмма. Персоналдың жас санаты бойынша құрылымы, %*



«ҚТЖ» ҰК» АҚ кәсіподағы еліміздегі ең мықты әрі белсенді кәсіподақтардың бірі болып табылады. Компания қызметкерлерінің басым бөлігі ұжымдық шартпен қамтылған.
**GRI 102-41**

*9-кесте. 2018 жылы ұжымдық шартпен қамтылған қызметкерлердің үлесі*

| Көрсеткіш | Мәні |
|---|---|
| Жыл соңына қарағандағы қызметкерлердің тізімдік саны, адам | 135 952 |
| Ұжымдық шартпен қамтылған қызметкерлердің жалпы саны, адам | 134 869 |
| Қызметкерлердің жалпы санындағы ұжымдық шартпен қамтылғандардың үлесі, % | 99,2% |

«ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еңбек ұжымы арасындағы 2018-2020 жылдарға арналған ұжымдық шарт Компанияның өзіне ерікті түрде қабылдаған келесі міндеттемелерін көздейді:

- әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы нормаларды сақтау;
- Компанияда қызметкерлерге, жұмыс істемейтін зейнеткерлерге, мүгедектерге, сондай-ақ Компанияда өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіби аурулардан зардап шеккендерге материалдық қолдау мен әлеуметтік кепілдіктер беру;
- жастарға, Компания қызметкерлері балаларының жазғы демалысы мен сауықтыруын қоса алғанда, отбасыларға әлеуметтік кепілдіктер беру;
- денсаулық сақтау мәселелерін реттеу;
- персоналдың жан-жақты кәсіби дамуына және оқуына жәрдемдесу.

Есеп беріліп отырған жылы Компанияда ассоциациялар еркіндігі және ұжымдық келіссөздерді жүргізу құқығы бұзылуы немесе елеулі тәуекелге ұшырауы мүмкін құрылымдық бөлімшелер немесе еншілес ұйымдар анықталған жоқ. **GRI 407-1**

Қызметкерлер санының орасан зор және жұмыстың жауапты екендігіне қарамастан Компаниядағы тұрақсыздық деңгейі төмен. **GRI 401-1**

*10-кесте. Кадр тұрақсыздығы жынысы бойынша бөлінісінде*

| Көрсеткіш | 2015 ж. | 2016 ж. | 2017 ж. | 2018 ж. | % 2017-2018 жж. өзгеріс |
|---|---|---|---|---|---|
| Кадр тұрақсыздығы, адам (әйелдер) | 2 529 | 2 395 | 2 266 | 1822 | -19,59% |
| Кадр тұрақсыздығы, адам (ерлер) | 8 190 | 7 098 | 7 177 | 8121 | 13,15% |
| Жиынтығы | 10 719 | 9 493 | 9 443 | 9943 | 5,29% |

*11-кесте  Персоналдың орташа еңбекақысы, теңге*

| Атауы | 2015 ж. | 2016 ж. | 2017 ж. | 2018 ж. | % 2017-2018 жж. өзгеріс |
|---|---|---|---|---|---|
| Әкімшілік персоналдың орташа айлық еңбекақысы, теңге | 219 507 | 238 045 | 261 556 | 291 974 | 11,63% |
| Өндірістік персоналдың орташа айлық еңбекақысы, теңге | 129 995 | 137 438 | 147 105 | 164 575 | 11,88% |

2015 жылдан бері «Самұрық-Қазына» АҚ-тың және «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдардың қайырымдылық көмегін көрсету бойынша бірыңғай саясатты «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры іске асыратындығына қарамастан Компания ірі демеуші болып қалуда. **GRI 203-2, GRI 201-4**

Компания мен оның Жалғыз акционерінің демеушілік және қайырымдылық қызметі рухани және ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға, мәдениетті, ғылым мен білімді қолдауға, ғылыми-техникалық прогреске жәрдемдесуге, салауатты өмір салтын насихаттауға, халықтың осал жіктеріне, аз қамтамасыз етілген азаматтарға көмек көрсетуге және спортты қолдауға бағытталған.

# Зейнеткерлер туралы қамқорлық

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-та аға буынның үлесін жоғары бағалайды. Компанияда есепте тұрған жұмыс істемейтін зейнеткерлердің саны 48 мыңнан астам адам.

Компанияда құрылған орган – филиалдық желісі бар «ҚТЖ» ҰК» АҚ Теміржолшы ардагерлер орталық кеңесі жұмыс істемейтін зейнеткерлерді әлеуметтік қолдауды жетілдіруге арналған диалог алаңы болып табылады.

Теміржолшы ардагерлер кеңесінің жұмысына:

- ауру және жалғыз басты зейнеткерлерге үйде және ауруханада патронаж жасау;
- зейнеткерлерді қарым-қатынастың және коммуникациялардың қазіргі заманғы құралдарымен таныстыру және оларды қолдануды үйрету;
- буындар сабақтастығын дамыту мәселелері бойынша шығармашылық конференцияларын өткізу;
- биографиялық кітаптар үшін зейнеткерлердің деректері базасын жасау;
- мерейтой иелерін 70, 80, 90, 100 жылдығымен құттықтау;
- Компанияның зейнеткерлеріне консультациялық, түсіндірушілік және практикалық көмек көрсету;
- жұмыс істемейтін зейнеткерлерді Ұжымдық шарт шеңберінде әлеуметтік қолдауды қамтамасыз етуге жәрдемдесу кіреді.

**GRI 201-3 , GRI 401-2**

# Өскелең ұрпақ туралы қамқорлық

«ҚТЖ» ҰК» АҚ үлесі Компанияның, саланың және жалпы елдің дамуы үшін елеулі болуы мүмкін өскелең ұрпақ туралы қамқорлықты маңызды деп санайды.

Таңдалған бағыт балаларда шығармашылық дағдыларды дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ өскелең ұрпақ арасында теміржол саласы қызметкерлерінің имиджін көтеруге жәрдемдеседі (іс-шаралар 17 жасқа дейінгі 170 000-нан астам балалар үшін ұйымдастырылады).

Ашық есік күні, Балаларды қорғау күнін тойлау шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелерінде тақырыптық мерекелік қойылым мұндай іс-шаралардың бірі болып табылады.

Сондай-ақ қызметкерлер балаларының қатысуымен түрлі конкурстар: «Балауса болашақ» балалар суреті конкурсы, «Алтын қалам» өлеңдер мен әңгімелер конкурсы өткізіледі.

Балаларды сауықтыру да «ҚТЖ» ҰК» АҚ әлеуметтік саясатын іске асырудың басым бағыты болып табылады. Мәселен, жыл сайын мектеп каникулдары кезінде 7 мен 13 жас аралығындағы 7 000-нан артық бала Қазақстан Республикасының балаларды сауықтыру орталықтарына жолдамамен қамтамасыз етіледі. Лагерлерге бара жатқан кезде балалардың бос уақытын ұйымдастыру үшін балаларға танымдық, кәсіптік бағдар беретін, оқыту және ойын-сауық айдарлары бар балалар журналдары беріледі. Бұл ретте жолда келе жатқанда балалардың қауіпсіздігі маңызды аспект болып табылады, осыған байланысты «ҚТЖ» ҰК» АҚ балалар өмірінің жазатайым оқиғалардан сақтандырылуын қамтамасыз етеді.

# Жастар туралы қамқорлық

«ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін жастар үлкен стратегиялық құндылық болып табылады, Компанияда 35 жасқа дейінгі 50 мыңнан астам қызметкерлер жұмыс істейді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2016-2021 жылдарға арналған Жастар саясаты бағдарламасы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та жастармен жұмыс істеудің негізі болып табылады, ол жастардың кәсіби дағдаларын жақсартуға, корпоративтік рухты көтеруге, жастарды тарту жүйесін дамытуға, оны тиімді бейімдеу мен орнықтыруға, корпоративтік міндеттерді шешуге жастарды тартуға, халықаралық жастар ынтымақтастығын дамытуға, жастарды рухани-адамгершіліктік, патриоттық тәрбиелеуге, сондай-ақ жастар арасында салауатты өмір салты мен спортты ілгерілетуге бағытталған бағдарламалар кешенінен тұрады .

Бағдарламаның мақсаты талап етілетін кәсіби дағдылары мен корпоративтік құзыреттері бар, корпоративтік құндылықтарды бөлісетін және корпоративтік міндеттерді шешуге тартылған жас қызметкерлердің қажетті санымен қамтамасыз ету есебінен «ҚТЖ» ҰК» АҚ стратегиялық дамуына жәрдемдесу.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жастардың өндірісте инновациялық технологияларды енгізудің негізгі драйвері мен таратушысы болып табылатынын түсінеді.

Жастар саясатына қатысушылардың өзекті проблемаларын шешу және қызметін үйлестіру үшін консультативтік орган – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жастар істері жөніндегі кеңесі құрылған. Кеңестің міндеті жас қызметкерлерге қатысты кешенді саясатты қалыптастыру және іске асыру басымдылықтарын белгілеу, жастар саясатын іске асыру тиімділігін талдау және оны жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ жас қызметкерлерге қатысы бар өзге маңызды мәселелерді талқылау болып табылады. Қазір еліміздің барлық өңірлерінде, сондай-ақ еншілес ұйымдарда Кеңестің өңірлік өкілдері белсенді жұмыс істеуде.

«Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы «ҚТЖ» ҰК» АҚ бастауыш партиялық ұйымының жастар саясаты мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесу органы болып табылатын «Жас Отан» жастар қанаты Кеңесі құрылды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Жастар саясаты бағдарламасы шеңберінде:

«Жобалау менеджменті»;

«Болашақ басқарушылар»;

«Сен болмасаң, кім?» корпоративтік лагері;

КВН қозғалысы жобалары іске асырылуда.

Әр жастар жобасы жаңа сапаға ие болып, жастар үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, дамуда.

Жастар саясаты бағдарламасының ойдағыдай іске асырылуы жас қызметкерлерге «ҚТЖ» ҰК» АҚ Стратегиясының түрлі бағыттарын іске асыруға белсенді тартылуға мүмкіндік береді.

Жастар, өз кезегінде, даму мен өзін өзі жетілдіруге ашық. «ҚТЖ» ҰК» АҚ жыл сайын «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ты дамытуға үлесін қосуға әзір перспективалы талантты жас қызметкерлер қатарын толықтыруда.

9 000 пайдаланушысы бар zhastemir.kz әлеуметтік желісі жастарды біріктіретін коммуникациялық алаң болып табылады, онда жас қызметкерлер идеялармен және бастамалармен алмасады, сондай-ақ «ГалстукOFF», «КТЖ STAR» бағдарламаларына белсенді қатысады. **GRI 404-2**

# Салауатты өмір салтын насихаттау

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауын, «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ Заңын іске асыру мақсатында 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 80-ЦЗ бұйрығымен бекітілген «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерінің салауатты өмір салты бағдарламасында, «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еңбек ұжымы арасындағы ұжымдық шартта «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның ЕҰ қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін, жұмыс істемейтін зейнеткерлерін сауықтыруға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған дене шынықтыру мен спортты дамытуға көп назар аударылады.

Өңірлерде бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын спорт жөніндегі 41 нұсқаушы ұйымдастырады.

Қызметкерлер мен жұмыс істемейтін зейнеткерлер үшін әр спорт түрлері бойынша Наурызға, Көлік қызметкерлері күніне, Конституция күніне, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған спорттық бұқаралық іс-шаралар өткізіледі.

Сондай-ақ қызметкерлер үшін қысқы және жазғы спорт түрлері бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ республикалық жарыстары, «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппаратының, филиалдары мен еншілес ұйымдарының қызметкерлері арасындағы спартакиада, «Әкем, анам және мен – спортты отбасы!» спорт мерекесі ұйымдастырылады.

Жыл сайын 13 000-нан астам адамды қамтитын 250-ден артық спорт-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шарасы өткізіледі.

Теміржолшылар 2018 жылы 2000-нан астам адамды қамтыған 129 (аудандық, облыстық және республикалық) жарысқа қатысты.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ әкімшілік ғимаратында спорт кешені (спорт залы мен жүзу бассейні) жұмыс істейді, онда волейбол, баскетбол, мини-футбол және жүзу бойынша секциялық сабақтар өткізіледі, қызметкерлер ауыр дене және ақыл жүктемелерінен кейін жұмыстан бос уақытта белсенді демалады, мұнда жыл сайын 24 000-нан астам адам сауықтырылады.

Бұдан басқа, «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрамына 24 мемлекет кіретін Теміржолшы спортсмендердің халықаралық одағының (USIC) мүшесі болып табылады. Жыл сайын «ҚТЖ» ҰК» АҚ USIC іс-шараларына, сондай-ақ Одақтың Конгресіне қатысады.



# Волонтерлік

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-та волонтерлік қозғалыс белсенді дамуда, бұл қозғалыс қызметкерлерде азаматтық позицияның қалыптасуына және оны білдіруіне, өзін-өзі ұйымдастыруға, әлеуметтік жауапкершілік және елімізде болып жатқан оқиғаларға қатыстылығы сезімін қалыптастыруға, қоғамдағы өзара көмек пен қайырымдылықты дамытуға мүмкіндік береді.



Басым бөлігін жастар құрайтын волонтерлер өз жұмысын келесі бағыттар бойынша жүргізеді:

- аз қамтылған, көп балалы көмек;

- краудфандинг (аз қамтылған отбасылар ішінен күрделі аурулары бар балаларды емдеу мен сауықтыруға қаражат жинау);





- жалғызбасты егде адамдарды қолдау;

- экологияны қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;

- мәдениет мекемелерін қолдау;

- жетім балалар үйлеріне және басқа ұйымдарға бару;

- мүмкіндігі шектеулі балалар мен ересектерге арналған іс-шараларды қолдау және ұйымдастыру және т.б.

Волонтерлік қызметті ілгерілетуді «Жастар бастамалары марафоны» жобасы жүзеге асырады. Әр өңірде бұл жоба шеңберінде халықтың әлеуметтік осал жіктеріне бағытталған 30-дан астам акция іске асырылды.

# Мүмкіндігі шектеулі адамдар туралы қамқорлық

Компания мүмкіндігі шектеулі адамдарға дәстүрлі түрде үлкен қамқорлық жасайды. **GRI 413-1**

2016 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та Теміржол вокзалдарында мүгедектерге және халықтың ұтқырлығы аз тобына қызмет көрсету тәртібі бекітіліп, онда вокзал қызметкерлерінің ұтқырлығы аз жолаушылармен ілесіп жүру, багажды жеткізуде және вагонға отыруда көмек көрсету міндеттері қарастырылды. Вокзал бойынша кезекші оларды қарсы алуы үшін, мүмкіндігі шектеулі адамдар өзінің келетіндігі туралы алдын ала хабарлауы тиіс. Қазір 138 теміржол вокзалында пандустар салынып, олардың еңіс бұрышы талаптарға сәйкестендірілді.

58 вокзал үшін мүгедек арбашалары сатып алынды. 16 вокзалдың анықтама бюролары нашар еститіндерге арналған ақпараттық жүйелермен жабдықталды. Вокзал ғимараттарында арнаулы әжетханалар жабдықталады, ал вокзал маңындағы алаңдарда мүмкіндігі шектеулі адамдардың автокөлігін тұраққа қоюға арналған орындар бөлінді. **GRI 413-1**

600 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі адамдар бүгінгі таңда «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелеріндегі әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылды.

# Оқыту

## Қызметкерлердің кәсіптік білімі деңгейін арттыру **GRI 404-2**

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Теміржол көлігі персоналын бағалау және дамыту орталығы» филиалы кәсіптік білімді үздіксіз кеңейту әрі тереңдету үшін әкімшілік персоналдың біліктілігін арттыру және өндірістік персоналдың біліктілігін арттыру жөніндегі оқу орталықтарының қызметін ұйымдастыру қызметін жүзеге асырады.

2018 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы персоналының біліктілігін көтеру мақсатында 34 100 қызметкер оқытылды, соның ішінде:

17 430 қызметкер тысқары ұйымдарда біліктілігін арттырды;

білім беру грантын (магистратура/докторантура) 8 қызметкер алды;

мемлекеттік тілді 329 қызметкер оқып-үйренді;

ағылшын тілін 820 қызметкер оқып-үйренді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы персоналын оқытуға арналған шығындар 2018 жылы 2 111 802 мың теңгені құрады.

2018 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Теміржол көлігі қызметкерлерін оқыту орталықтары» филиалдарында 15 513 қызметкер оқыды, соның ішінде:

Павлодар оқу орталығы – 2 661 қызметкер.

Қарағанды оқу орталығы – 3 421 қызметкер.

Ақтөбе оқу орталығы – 2 822 қызметкер.

Тараз оқу орталығы – 2 773 қызметкер.

Астана қаласындағы оқу орталығы ФЦкадр – 3 836 қызметкер.

2018 жылы өндірістік оқытудан түскен кіріс 1 058 918 000 теңге болды. 2019 жылы 18 574 қызметкерді оқыту жоспарлануда.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ - «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы (2018 жылы 13 459 қызметкер оқытылды) мен «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ (2018 жылы 1 974 қызметкер оқытылды) оқытудың негізгі тапсырысшылары болып табылады.

*12-кесте. Қызметкерлерді оқытуға арналған 2018 жылғы шығыстар*

| Персонал санатының атауы | Адам саны | Оқытуға арналған шығыстар, мың теңге | Орташа алғанда 1 қызметкерді оқытуға жұмсалған шығыстар, мың теңге |
|---|---|---|---|
| Әкімшілік-басқарушы персонал | 9 933 | 725 815 | 73,07 |
| Өндірістік персонал | 21 855 | 1 385 987 | 63,42 |
| **Барлығы** | **31 788** | **2 111 802** | **66,43** |

*13-кесте. Бір қызметкерді оқытуға жұмсалған орташа жылдық сағаттар саны, адам-сағат* **GRI 404-1**

| Қызметкер санаты | 2017 | 2018 | % 2017-2018 жылдардағы өзгеріс |
|---|---|---|---|
| **Бір қызметкерді оқытуға арналған орташа жылдық сағаттар саны Барлығы, соның ішінде:** | 18,2 | 19,49 | 7 % |
| жынысы бойынша бөлінісінде: | | | |
| әйелдер | 19,3 | 19,68 | 2% |
| ерлер | 17,4 | 19,34 | 11% |
| санаты бойынша бөлінісінде: | | | |
| әкімшілік персонал | 33,8 | 31,49 | -7% |
| өндірістік персонал | 7,5 | 10,15 | 35% |
| Оқудан немесе біліктілігін арттырудан өткен қызметкерлер саны, адам | 36 379 | 34 100 | -6% |

БҰҰ Ғаламдық шартының принциптері және тұрақты даму саласындағы 17 мақсат шеңберінде Компания қауіпсіздік қызметтері қызметкерлеріне адам құқықтарына қатысты саясаттар мен рәсімдерді оқыту мүмкіндігін қарауды жоспарлап отыр.

2018 жылы мұндай оқыту өткізілген жоқ. **GRI 410-1**

# Денсаулық сақтау және медициналық қамтамасыз ету

Қызметкердің денсаулығы мен медициналық қамтамасыз етілуі «ҚТЖ» ҰК» АҚ жүргізіп отырған әлеуметтік саясаттың маңызды басымдылықтарының бірі болып табылады .
Мәселен, 2018 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының 80 мыңнан астам қызметкерін ерікті медициналық сақтандыру туралы шарттар жасалды.
70 мыңнан астам адам кезеңдік медициналық тексеріп қараудан өтті. 3 млн-нан артық қызметкер ауысым алдындағы (сапар алдындағы) және ауысымнан кейінгі (сапардан кейінгі) медициналық тексеріп қараудан өтті.
Санаторлық-курорттық көмекті ұйымдастыру Компанияның әлеуметтік саясатының Компания қызметкерлері ауруларының профилактикасын және қалпына келтіретін емін мақсатқа сай әрі тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін маңызды бөлігі болып табылады.
Теміржолшылардың жұмыс жағдайы елеулі физикалық, психо-эмоциялық жүктемелер, жұмыстың жүріп-тұру сипаты, сондай-ақ ұзақ уақыт бойына ашық ауада болу сияқты бірқатар қолайсыз факторлармен сипатталады.
Жоғарыда аталғанның барлығы, сөзсіз, тыныс алу, жүрек-қан тамыры, ас қорыту, тірек-қозғалыс аппараты бірқатар ауруларының, кәсіптік интоксикацияның дамуы үшін маңызды тәуекел факторы болып табылады.
2018 жылы Компанияның 10 мыңнан астам қызметкерлері мен зейнеткерлері санаторлық-курорттық емді жеңілдікпен алды.
**GRI 401-2**

«ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ-тың қарамағында Сәкен Сейфуллин атындағы санаторий-профилакторий бар.
*Сәкен Сейфуллин атындағы санаторий-профилакторий Щучье-Бурабай демалыс аймағында орналасқан озық сауықтыру мекемелерінің қатарына кіреді.*
*Теміржолшыларға мұнда толыққанды демалысқа қажеттінің барлығы бар екі орындық стандартты, жартылай люкс және люкс номерлер ұсынылады. Бос уақытты өткізу үшін бильярд, үстел теннисі, сауна, спорт залы бар, күн сайын мәдени-бұқаралық іс-шаралар: Бурабай курортына экскурсиялар, концерттік бағдарламалар, спорт іс-шаралары өткізіледі.*
*Сәкен Сейфуллин атындағы санаторий қызметінің бейіні – бұл жүрек-қан тамырлары жүйесі мен тірек-қозғалыс аппараты, сондай-ақ тыныс органдары (туберкулезді қоспағанда) аурулары.*
*Санаторийдің тәжірибелі және білікті медициналық персоналы келесі емдеу түрлерін жүргізеді:балшықпен емдеу (балшық аппликациялары мен гальван-балшық, жергілікті емдік көлдің балшығы);ванналар (қылқан жапырақты, тұзды, Залманов ванналары және т. с. с.);*
*емдік сауналар;*
*емдік душтар;*
*барокамера;*
*гидроколонотерапия;*
*инфрақызыл магнитолазермен емдеу;*
*аппараттық физиотерапевтік емдеу (ДМВ, СМТ) дарсанваль, электрофорез, магнитпен емдеу, УТЗ, УВЧ, электр ұйқы, ИКВ;*
*массаж бөлімшесі;*
*емдік дене шынықтыру бөлімшесі;*
*фитоемдеу;*
*ультрадыбыстық диагностика;*
*галокамера – тұз шахтасы бөлмесі.*

# Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

«ҚТЖ» ҰК» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелеріне көп назар аударады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та және оның еншілес ұйымдарындағы өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесі бойынша басшылықты бекітті, ол OHSAS 18001:2007 «Кәсіптік денсаулық және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі. Талаптар» халықаралық стандартының, МемСТ 12.0.230 «Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Еңбекті қорғауды басқару жүйесі. Жалпы талаптар. ILO OSH2001» мемлекетаралық стандартының талаптарына сәйкес әзірленді және «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобындағы еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды басқару қызметін регламенттейтін негізгі құжат болып табылады. **GRI 403-1**

OHSAS 18001:2007 стандарты принциптерін сақтау Компанияға халықаралық сертификаттаушы орган - «SGS» компаниясының сәйкестік сертификатын алуға мүмкіндік берді.


SGS
Сертификат CH18/0236

Акционерное общество
«Национальная компания
«Қазақстан темір жолы»

010000, Республика Казахстан, г. Астана, ул. Д. Кунаева, 6

OHSAS 18001:2007

Управление процессами предоставления услуг магистральной железнодорожной сети, услуг грузовых перевозок, услуг пассажирских перевозок

Настоящий сертификат действителен с 10 февраля 2018 г. по 9 февраля 2021 г. и действует при удовлетворительном прохождении инспекционных аудитов.
Срок ре-сертификации - до 14 декабря 2020 г.
Выпуск 1. Сертифицировано с февраля 2018 г.

SWISS ACCREDITATION SCESm 0017

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың еңбекті қорғау саясатына сәйкес, сондай-ақ Ұжымдық шарт шеңберінде Компанияда 2018 жылы еңбек жағдайларын жақсарту, өндірістік жарақаттанушылықтың және кәсіптік аурулардың алдын алу жұмысы жүргізілді.

Еңбек жағдайларын және еңбекті қорғауды жақсарту жөніндегі іс-шараларды орындауға қаржыландырудың барлық көздері бойынша (еншілес ұйымдарды ескергенде) 6,8 млрд. теңге жұмсалды, соның ішінде:

- 2,7 млрд. теңге – арнаулы киімге, арнаулы аяқ киімге және басқа жеке қорғану құралдарына;
- 4,1 млрд. теңге - еңбек жағдайларын және еңбекті қорғауды жақсарту жөніндегі іс-шараларға қаржыландырудың барлық көздері бойынша, соның ішінде медициалық тексеріп караулар.

Еңбек жағдайларын және еңбекті қорғауды жақсарту жөніндегі іс-шараларға арналған шығыстар орташа алғанда «ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша бір қызметкерге есептегенде 21,5 мың теңге (2017 жылы – 17,8 мың теңге) болды.

Жалпы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та қызметкерлерге жұмыс орындарында қауіпсіз еңбек жағдайларын құру бойынша 3 573 іс-шара өткізілді.

Салалық беру нормаларының талаптарына сәйкес Компания қызметкерлері сертификатталған арнаулы киіммен және арнаулы аяқ киіммен, жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етіледі.

2018 жылдың соңына қарағандағы жағдай бойынша Компанияда өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелері бойынша 50 398 қызметкер немесе «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерінің жалпы санының 40%-ы жұмыс істейтін жұмыс жағдайы зиянды, ауыр және қиын 22 959 жұмыс орны анықталды. **GRI 403-3**

2018 жылы жұмыс жағдайы зиянды, ауыр және қиын жұмыс орындары жалпы санының ең үлкен үлесі келесі өндіріс факторлары бар жұмыс орындарына келеді:

Еңбектің ауырлығы - 18,2%
Шуыл – 16,3%
Күрделілігі – 4%
Электр магниттік сәулелену – 1,8%
Микроклимат – 0,5%
Химиялық фактор – 0,3%

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарына басшыларды, мамандар мен қызметкерлерді оқыту еңбекті қорғауды басқару жүйесінде өндірістегі жазатайым оқиғалар санын азайтуға бағытталған негізгі алдын алу шараларының бірі болып табылады.

Компанияда басшы қызметкерлерді және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үшін жауапты адамдарды кадрлардың біліктілігін арттыру ұйымдарында уәкілетті орган және Компанияның жергілікті актілерінде белгіленген тәртіппен оқыту ұйымдастырылған. Мысалы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалында 2018 жылы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үшін жауапты 1974 адам оқыды.

Нәтижесінде өндірістік жарақаттанушылық көрсеткіштері 2018 жылы мынадай болды: 28 жазатайым оқиға (*2017 жылы - 34 оқиға*), соның ішінде 4 топтық оқиға (*2017 жылы жол берілген жоқ)*, өліммен аяқталған 6 оқиға (*2017 жылы – 9 оқиға*), мүгедектікпен аяқталған 5 оқиға (*2017 жылы – 6 оқиға*), ысырап болған күндер коэффициенті 16,17 (*2017 жылы - 18,05) болды*. Компания бойынша өндірістік жарақаттанушылық жиілігінің орташа коэффициенті 0,22 (*2017 жылы - 0,26*), материалдық залал 400 656 мың теңге (*2017 жылы - 485 372 мың теңге*) болды. **GRI 403-2, GRI 403-9**

*12-диаграмма. Өндірістік жарақаттанушылық көрсеткіштері*



# Қозғалыс қауіпсіздігі

Компанияның бүкіл тасымалдау процесінің жолаушылар мен жүк иелерінің денсаулығы мен өмірі алдында да, жұмысқа тартылған персоналдың алдында да жауапкершілігінің деңгейі жоғары. Компанияның мүдделі тұлғаларын поездар қозғалысы қауіпсіздігі және қауіпсіздік деңгейін арттыру бойынша Компанияның қандай шаралар қолданатындығы әрдайым алаңдатты. Сондықтан да Компания басшылығы қозғалыс қауіпсіздігі мәселелеріне көп назар аударады.

2018 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың 176 оқиғасына, соның ішінде 1 күйреуге, 30 оқиғаға және 145 инцидентке жол берілді (1-диаграмма). 2017 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтар саны 29%-ға азайды.

Компания **шаруашылықтары бөлінісінде** жағдай былай қалыптасты:

**«Жүк тасымалы» АҚ (ГП) - 76** оқиға (21 оқиға мен 55 инцидент), соның ішінде:

- қозғалыс шаруашылығы бойынша: 13 оқиға (13 жолдан шығып кету), 30 инцидент;
- локомотив шаруашылығы бойынша: 7 оқиға (6 жолдан шығып кету, 1 соқтығысу), 18 инцидент;
- вагон шаруашылығы бойынша: 1 оқиға (жолдан шығып кету), 6 инцидент;
- жүк және коммерциялық жұмыс шаруашылығы бойынша: 1 инцидент.

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы (ЦЖС) - 92** оқиға (1 күйреу, 7 оқиға және 84 инцидент), оның ішінде:

- жол шаруашылығы бойынша: 1 күйреу, 6 оқиға (жолдан шығып кету), 73 инцидент;
- сигнализация және байланыс шаруашылығы бойынша: 1 оқиға (жолдан шығып кету);
- энергиямен жабдықтау шаруашылығы бойынша: 11 инцидент.

**Компанияның еншілес ұйымдары -** 2 оқиға, 6 инцидент:

- **«Жолаушылар тасымалы» АҚ (ПП)** - 1 оқиға (жолдан шығып кету), 4 инцидент;
- **«Қазтеміртранс» АҚ (КТТ)** - 1 инцидент;
- **«Әскерилендірілген теміржол күзеті» АҚ (ВЖДО)** - 1 оқиға, 1 инцидент.

*13-диаграмма. Қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтар*




| | ЦЖС | ГП | ЦЛ | КТТ | ВЖДО |
|---|---|---|---|---|---|
| 2017г. | 125 | 114 | 4 | 3 | 2 |
| 2018г. | 92 | 76 | 5 | 1 | 2 |

Компания бойынша қозғалыс қауіпсіздігінің жағдайын объективті бағалауды жүргізу мақсатында Қозғалыс қауіпсіздігі жағдайын есептеу әдістемесі әзірленді, ол өткен 5 жылғы тарихи деректерді ескере отырып жүргізілетін есепті жүргізу арқылы анықталады. Осылайша, Компания бойынша 2018 жылғы қозғалыс қауіпсіздігінің жағдайы қанағаттанарлық аймақта, оның көрсеткіші 0,812.

# Бенчмаркинг

2018 жылғы 12 айдағы қызмет қорытындылары бойынша Достастыққа қатысушы мемлекеттердің теміржол әкімшіліктерінің халықаралық қатынастағы көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жүргізілді (2-диаграмма).

Нәтижелерді дұрыс көрсету үшін салыстыруға болатын бұзушылықтар, яғни күйреулер, оқиғалар мен инциденттер есепке алынды. Млн. поезд-км-ге келетін қозғалыс қауіпсіздігі бұзушылықтарының санынан көрінетін қозғалыс қауіпсіздігі көрсеткіштеріне жүргізілген талдау қорытындылары бойынша, Белоруссиядан басқа, қаралып отырған теміржол әкімшіліктерімен салыстырғанда **Компанияның көрсеткіштері айтарлықтай төмен**.

***14-диаграмма. 2018 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша бенчмаркинг нәтижелері***



Қозғалыс қауіпсіздігі жағдайына әсер ететін факторларды болдырмау және барынша азайту мақсатында 2018 жылы келесі жұмыс жасалды (1-кесте).

*14-кесте. Қозғалыс қауіпсіздігі жағдайын жақсарту жөніндегі 2018 жылғы шаралар*

**Персоналдың ықпалы:**

- адами фактор көрінісінің алдын алу және технологиялық процестердің орындалуын регламенттейтін жергілікті актілердің талаптарын қызметкерлердің бұзуы оқиғаларын болдырмау үшін ішкі бақылаудың нәтижелілігі мен тиімділігін бағлау жүйесі енгізіліп, 8 мыңнан артық тексеру жүргізіліп, олардың нәтижесі бойынша технологиялық процестердің сақталмауы бойынша 31 мыңнан астам сәйкессіздіктер анықталды және жойылды;
- енгізілген стандарттар және Өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесі жөніндегі басшылық 8,8 мыңнан астам басшылар мен мамандар оқытылды, «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Теміржол көлігі персоналын бағалау және дамыту орталығы» филиалының 17 оқытушысы дайындалды, барлығы 86 101 қызметкер таныстырылды;
- қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру тәсілдерінің біртұтастығы басқарудың барлық деңгейлері үшін жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелерде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерін шешуге арналған кешенді тәсілге бағытталған нормативтер белгілеу есебінен қол жеткізілді.

**Технологиялық процестерді және нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарын сақтау:**

- вагон шаруашылығы жұмысының үлгі технологиялық процесіне өзекті сипат берілді және вагон шаруашылығы қызметкерлері санының нормативтері мен штаты қайта қаралды;
- жолаушылар шаруашылығында 13 технологиялық процеске өзекті сипат берілді ;
- магистральдық теміржол желісіне жүк вагондарын жіберу қағидалары қайта пысықталды;
- магистральдық теміржол желісінде ұзын құрамды және ауыр салмақты жүк поездарын қалыптастыру, өткізу реті мен қарап тексеруді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық әзірленді;
- вагондарды жоспарлы жөндеу бойынша міндетті талаптар белгіленді.

**Техникалық құралдар, материалдар мен құрал-саймандарды бөлу:**

- Альстом Р-80 үлгісіндегі 237 бірлік электр жетегі сатып алынды және пайдалануға берілді;
- 100 модернизацияланған ақаутапқыш құрал пайдалануға берілді;
- вагондарға қызмет көрсету мен оларды жөндеуге арналған технологиялық жабдықтар 19 245 мың теңге жалпы сомасына 10 бірлік мөлшерінде сатып алынды және олардың күрделі жөндеуі жүргізілді;
- 1 707 мың теңге жалпы сомасына 120 бірлік мөлшерінде радиостанция жөндеу жүргізілді.

**Бақылау:**

- қозғалыс қауіпсіздігінің ұйымдастырушылық құрылымы қайта қаралды;
- қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерімен байланысты қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулары қайта қаралды;
- басқару деңгейлері бойынша қозғалыс қауіпсіздігі мәселелері бойынша есептілік енгізіліп, есептілік кезеңділігі мен тәртібі белгіленді;
- Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары тоқсан сайынғы негізде тыңдалады.

## Профилактикалық жұмыс:

- барлық меншік нысанындағы жекеменшік тасымалдаушылармен кеңес өткізілді;
- конструктивтік кемшілігі жойылғанға дейін ТЭП33А жолаушы тепловоздарын сатып алу тоқтатылды;
- локомотив паркінің техникалық жағдайы мәселесі бойынша «General Electric» компаниясымен және «Қамқор Локомотив» ЖШС-мен кеңес өткізілді;
- жекеменшік тармақ иелерінің кірме жолдарында адамдарды басып кету, жол-көлік оқиғалары, ұрлықтар және жылжымалы құрамның жолдан шығып кетуі оқиғаларын болдырмау мәселесі бойынша мемлекеттік органдар мен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстелдер өткізіліп, олардың нәтижелері бойынша 2019-2020 жылдарға арналған жол картасы әзірленді;
- жылжымалы құрамның жолдан шығып кетуі және олардың зақымдалуы оқиғаларының мөлшерін азайту бойынша жекеменшік тармақ иелеріне шара қолдану қажеттілігі туралы ҚР ИДМ-ге хаттар жолданды;
- инфрақұрылымның, жылжымалы құрамның, өндірістік-техникалық объектілердің, техникалық құралдардың ағымдық жағдайын көктемгі, күзгі тексеріп қарау жүргізілді.

Құрылымдық бөлімшелерде келесі іс-шаралар өткізілді:

**Айлықтар**

«Поездарды құрастырушы – маневрлердің басшысы», «Локомотив және вагон шаруашылықтарымен бірлескен жүк және жолаушы поездары автотежегіш жабдықтарының профилактикасы», «Жолда мал», «Түйіспесіз жолды қауіпсіз күтіп-ұстау», «Технологиялық процестерді бұзбау – авариясыз жұмыс кепілі», «Жолда адам», «Рельс тізбектерін күтіп-ұстау», «Назар аудар – өтпе», «Оқшаулағыш түйісу», «Тыйым салу сигналына жүру – қылмыс», «Вагондарды қауіпсіз таркату», «Назар аудар! Тежегіш табандық», «Назар аудар! Қауіпті құймалы жүктерді тиеу – ерекше бақылауға», «Назар аудар! Бүйірлік рама», «Автотежегіш жабдықтар профилактикасы», «Техникалық вагондардың дизель-генераторлық қондырғыларының техникалық жағдайын ерекше бақылау», «Бағыттамалы бұрмалардың күтіп-ұстау нормаларын қамтамасыз ету – бағыттамалардың үздіксіз жұмыс істеуінің кепілі», «Түйіспе желісі – ток қабылдағыш», «Вагон паркінің сол қалпында сақталуы және вагондардың тораптары мен бөлшектерін ұрлау профилактикасы бойынша».

**Декадалықтар**

«Маневрлік жұмыстарды жүргізген кездегі қозғалыс қауіпсіздігі», «Соғу-тарту жабдықтарының техникалық жағдайын ерекше бақылауға алу», «Жолаушы поездарында өрт қауіпсіздігінің бұзылмауы», «Вагон генераторлары жетектерінің техникалық жағдайын ерекше бақылауға алу», «Вагондардың электр жабдықтары дұрыс жұмыс істесін», «Вагондарды сапалы жөндеу – қозғалыс қауіпсіздігі кепілі».

Адамды, малды басып кетуді, теміржолдық жылжымалы құрам өткен кезде автомобиль көлігінің теміржол өтпесіне шығып кетуін, жолға бөтен заттарды қоюды, СОБ және байланыс құрылғыларының ұрлануын болдырмау жөніндегі профилактикалық жұмыс шеңберінде келесі іс-шаралар өткізілді:

- келесі мақсатпен құқық қорғау органдары қызметкерлерімен бірлесіп 3 479 рейд жүргізілді:

## Профилактикалық жұмыс:

Қауіптілігі жоғары аймақта болу және темір жолға жақын жерде мал бағу қағидаларын бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы темір жолға жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындарына түсіндіру;

теміржол объектілерінде жолға бөтен заттарды қою, шыны мен линзаларды сындырумен, қаңғырып жүрумен айналысатын жасы кәмелетке толмаған адамдарды анықтау, сондай-ақ балалардың жарақаттанушылығын болдырмау;

автокөлік құралдары жүргізушілерінің теміржол өтпелері арқылы жүріп өту қағидаларын сақтауы.

- 227023 адамды қамтып 2968 жылпы жиналыс, 74589 оқушыны қамтып оқу орындарының оқушыларымен 4833 жиналыс өткізілді;
- БАҚ-та 303 мақала жарияланды, радиода 23 рет, теледидарда 12 рет сөз сөйленді;
- малдың жолға шығып кетуін болдырмау үшін 373,5 км сым қоршау салынды және сондай қоршаудың 631,7 км-і жөнделді;
- адамдардың жаппай теміржол жолдары арқылы өтетін жерлерінде 1434 ескерту белгілері жаңартылды;
- Темір жолдағы қозғалыс қауіпсіздігін бұзу профилактикасы мақсатында 2 тілде бейнероликтер түсірілді.

Келесі шаралар кешенін іске асыру есебінен қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтар азайды :

- жолдың 876 километрін күрделі жөндеу және үстіңгі қабатын модернизациялау, 1707 километр жаңа теміржол желісін салу;
- локомотивтер паркін жаңарту және күрделі жөндеу – 29 бір., күрделі жөндеу жүргізілді – 46 бір.;
- жүк вагондарын күрделі жөндеу– 3390 бір., жолаушы вагондарын күрделі жөндеу -170 бір.
- Жылжымалы құрамның және инфрақұрылым объектілерінің жағдайына бақылау жасау, онда 965 локомотив, 1 159 жүк вагондары, 375 жолаушы вагондары пайдаланудан шығарылды, 430 станциялық жол және 821 бағыттамалы бұрма поездар қозғалысы үшін жабылды, поездар қозғалысы жылдамдығын шектеу бойынша 2 мыңнан артық шара қолданды.

# Операциялық тиімділікті арттыру

*Локомотивтің орташа тәуліктік өнімділігі, мың т-км брутто*




*Дизельдік отынның үлес шығындары, кг/10000 ткм брутто*



# Экологиялық жауапкершілік

## Экологиялық менеджмент жүйесі

2018 жылы «SGS» Kazakhstan LTD» компаниясының, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың аудиторлары жүргізген «ҚТЖ» ҰК» АҚ инспекциялық аудитінің нәтижелері ISO 14001:2015 «Экологиялық менеджмент жүйелері» халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігін растады.




*15-кесте. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жалпы көрсеткіштер*

**GRI 305-1, GRI 307-1**

| Көрсеткіштер | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | % 2017-2018 жж өзгеріс |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Атмосфераға парник газдерін шығару, мың тонна $CO_2$ – эквиваленті | 211,50 | 78,63 | 98,60 | 95,64 | 92,58 | -3 |
| Табиғатты қорғау қызметіне арналған шығындар, млн. теңге | 748,50 | 716,70 | 677,17 | 663 | 678,5 | +2,5 |
| Экологиялық бұзушылықтар үшін айыппұлдық экономикалық санкциялар сомасы , млн теңге | 30,80 | 19,90 | 12,06 | 6,6 | 1,09 | -83 |

## Қоршаған ортаға эмиссиялар

*15-диаграмма. Қоршаған ортаға эмиссиялар динамикасы* **GRI 305-1**






## Эмиссияларды азайту бойынша орындалатын іс-шаралар

1. Ластағыш заттарды шығаруы төмен «ЭВОЛЮШН» тепловоздарын енгізу олардың атмосфералық ауаға шығарылуын ескі модель тепловоздарымен салыстырғанда 2,2 еседен артық азайтуға мүмкіндік береді.





2. Тұйық үлгідегі әжетханалармен жарақталған жаңа жолаушы вагондарын сатып алу теміржол тінінің фекальдық микрофлорамен ластануын болдырмауға мүмкіндік береді.

3. Қазандықтарды қатты отыннан газ тәріздес отынға көшіру, өндірістік ғимараттардың жылу беру жүйесін қалалық орталық жылумен жабдықтау жүйесіне қосу атмосфералық ауаның стационарлық көздерден ластануын азайту мүмкіндігін береді.




Қоршаған ортаны қорғау саласындағы тиімділік көрсеткіштерін өзгертудің ықтимал шегін анықтау мақсатында Табиғатты қорғауды басқару жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемесі (2018 жылғы 11 маусымдағы бұйрық) әзірленді. Жүргізілген бағалау Компаниядағы табиғатты қорғау жүйесінің тиімді екенін көрсетті.

## Ресурстарды тұтыну

«ҚТЖ» ҰК» АҚ энергияны көп тұтынушы болып табылады, осыған байланысты Компания Басқармасы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың 2020 жылға дейінгі Энергияны үнемдеу бағдарламасын бекітіп, сонда 2013 және 2020 жылдар аралығындағы кезеңде 152 млрд. теңгеге жуық сомадағы шартты отынның 1,942 млн. тоннасын (бұдан әрі – ш.о.т.) үнемдеу міндетті қойылды. **GRI 302-1**

2018 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша жалпы «ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша отын-энергетика ресурстарының (ОЭР) шығыны 155,4 млрд. теңгеге жуық сомасына 1 292,9 мың ш.о.т. болды, соның ішінде поездар тартымы 1 186,6 мың ш.о.т. (91,8 %), тартымдық емес қажеттіліктер 106,24 мың ш.о.т. (8,2 %). Поездар тартымына Компания тұтынатын электр энергиясының 30,8%-ы және дизельдік отынның 69,2%-ы, немесе шартты есептеумен алғанда жалпы ОЭР барлық түрлерін тұтынудың 91,8%-ына дейін жұмсалды. **GRI 302-1**

### *16-кесте. Пайдалану-өндірістік (тартымдық емес) қажеттіліктерге ОЭР тұтыну*

| Көрсеткіш | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | % 2018-2017 жж өзгеріс |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Электр энергиясы, мың кВт/сағ | 388 474,10 | 355 708,40 | 308 603,8 | 325 668,26 | 321 256,56 | -1,4% |
| Көмір, тонна | 47 942,87 | 43 630,24 | 38 961,89 | 31 035,20 | 33 398,97 | 7,6% |
| Табиғи газ, мың м3 | 2 685,96 | 2 362,33 | 2 282,12 | 1 890,86 | 1 872,59 | -1% |
| Бензин, тонна | 9 739,87 | 9 141,2 | 8 255,75 | 7 533,35 | 7 361,94 | -2,3% |
| Дизельдік отын, тонна | 25 890,20 | 25 676,40 | 26 227,90 | 23 890,75 | 22 522,52 | -5,7% |
| Пеш отыны, тонна | 344,21 | 344,20 | 187,20 | 0 | 0 | |
| ОЭР шығыны, ш.о.т | 133 476,6 | 125 166,1 | 115 614,5 | 107 564,0 | 106 245,77 | -1,2% |
| ОЭР құны, млн.теңге (ҚҚС-пен) | 11 060,06 | 11 309,06 | 10 907,40 | 12 481,63 | 13 577,48 | 8,8% |
| ОЭР құны, мың тг/ш.о.т | 82,86 | 90,35 | 94,34 | 116,04 | 127,79 | 10,1% |

2014 және 2018 жылдар аралығындағы кезеңде энергия ресурстары шығыны ақшалай түрде өсті, бұл ретте заттай түрде шығыс азайды. Бұл энергия ресурстары бағасының жыл сайын өсуімен және энергияны үнемдеу бойынша жүргізілетін іс-шаралармен түсіндіріледі.

### *17-кесте. 2018 жылы тартымдық қажеттіліктерге (жылу тартымы плюс электр тартымы) ОЭР тұтыну* **GRI 302-3**

| Көрсеткіш | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | % 2017 жылға |
|---|---|---|---|---|---|
| Жұмыс көлемі, млрд. т.км.бр. | 367,9 | 363,65 | 395,695 | 421,978 | 6,64% |
| Поездар тартымына ОЭР жұмсау, мың ш.о.т | 1 126,83 | 1 109,07 | 1 130,65 | 1 186,62 | 4,95% |
| Энергия сыйымдылығы*, ш.о.кг/ 10т.т.км.бр. | 30,63 | 30,50 | 28,57 | 28,12 | -1,57% |

*- Өнім (жұмыс) бірлігіне отын-энергетика ресурстарын жұмсау үлесінің төмендеуі көрсеткіш.

### *18-кесте. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың Энергияны үнемдеу бағдарламасын 2014-2018 жылдары іске асыру тиімділігі* GRI 302-4

| Энергия ресурсы-ның түрі | Көрсеткіш | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | % 2018-2017 жж өзгеріс |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Электр энергиясы | электр энергиясын үнемдеу, мың кВт | 10 257,25 | 19 776,35 | 33 950,40 | 138 641,0 | 53 809 | -61,2% |
| | электр энергиясына арналған шығындарды үнемдеу, млн. теңге | 102,57 | 277,74 | 435,47 | 2 062,02 | 949,4 | -54,0% |
| Дизельдік отын | дизельдік отынды үнемдеу, тонна | 80 042,60 | 88 427,00 | 148 082,34 | 175 239,0 | 168 813 | -3,7% |
| | дизельдік отынға арналған шығындарды үнемдеу, млн. теңге | 9 064,13 | 12 027,08 | 17 492,52 | 31 084,7 | 36073,7 | 16,0% |
| Көмір | көмірді үнемдеу, тонна | 0,00 | 0,00 | 0,00 | 0,00 | 0,00 | - |
| | көмірге арналған шығындарды үнемдеу, млн. теңге | 0,00 | 0,00 | 0,00 | 0,00 | 0,00 | - |
| Бензин | бензинді үнемдеу, тонна | 32,10 | 38,00 | 12,80 | 69,0 | 0,00 | - |
| | бензинге арналған шығындарды үнемдеу, млн. теңге | 3,53 | 4,23 | 1,54 | 8,94 | 0,00 | - |
| | **Барлығы, млн.теңге** | **9 170,24** | **12 309,05** | **17 929,54** | **33 155,66** | **37 023,1** | **11,7%** |

### *19-кесте. 2008-2018 жылдары жұмыс бірлігіне ОЭР жұмсау үлесінің тиімділігі, ш,о,кг/10 мың т.км брутто*

| 2008 | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 37,20 | 37,07 | 37,01 | 36,67 | 34,83 | 34,71 | 35,52 | 34,04 | 33,67 | 31,29 | 30,64 |

# Байланыс деректері

Тұрақты даму саласындағы есеп, сондай-ақ тұрақты даму туралы қосымша ақпарат www.railways.kz корпоративтік сайтында бар.

Осы Есепте берілген ақпаратпен байланысты барлық сұрақтарды келесі мекен-жайға жолдауға болады:

*«Қазақстан темір жолы» ұлтты компаниясы» АҚ, 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 6.*

*Мужиков Руслан, Стратегия және корпоративтік даму департаментінің бас менеджері, тел. +7 (7172) 60-38-37, электрондық почта: Muzhikov_R@Railways.kz*

**GRI 102-53**

# Қосымшалар

## Глоссарий

| № | Термин | Өлшем бірлігі (егер болса) | Түсініктеме |
|---|---|---|---|
| 1 | Жүк айналымы | ткм (тонна-километр) | Жүк айналымы — белгілі уақыт ішінде тасымалданатын жүк массасының тасымалдау арақашықтығына көбейтіндісіне тең көлік жұмысының экономикалық көрсеткіші (жүк тасымалдау көлемінің көрсеткіші).<br>Жүк айналымы тонна-километрмен өлшенеді. Мысалы, егер түрлі кемелер бір жыл ішінде 5 млн тонн жүкті орташа қашықтық 150 км-ге тасымалдаса, онда жылдық жүк айналымы 5 × 150 = 750 млн тонна-километр деп аталады. |
| 2 | Жолаушылар айналымы | ж-км | Жолаушылар айналымы — жолаушылар тасымалдау көлемін жолаушы-километрмен көрсететін көрсеткіш және жолаушылар санының тасымалдау арақашықтығына көбейтіндісі ретінде есептеледі |
| 3 | Орташа учаскелік жылдамдық | км/сағ | Поездың аралықтық станцияларда тұру, екпіндеу, баяулау және аралықта кідіру уақытын ескере отырып, поездың учаске бойынша орташа қозғалу жылдамдығы. Орташа учаскелік жылдамдықты анықтау үшін поездар санының учаске ұзындығына (км-мен) көбейтіндісін сол поездардың сол учаскеде болу ұзақтығының (сағатпен) қосындысына бөлу қажет:<br>$V_y = \frac{\sum NS}{\sum Nt_y}$,<br>мұндае $\sum NS$ — учаскедегі поезд-километрлер қосындысы; $\sum Nt_y$— поездардың аралықтық станцияларда тұруын есепке алғандағы поезд-сағаттар.<br>Учаскелік жылдамдық учаскенің өткізу қабілетіне, жолдың және жылжымалы құрамның техникалық жағдайына, поездар қозғалысы кестесіне және диспетчерлік реттеуге тәуелді болады. |
| 4 | Жарақаттанушы-лық жиілігі коэффициенті | | 1000 қызметкердің үлесіне келетін өндірістегі жазатайым оқиғаларының санын көрсететін коэффициент (Кч).<br>Есептеу формуласы:<br>$Кч = \frac{Т * 1000}{Р}$, мұнда<br>Т — уақытша еңбекке жарамсыздық сол кезеңде аяқталды ма жоқ па екендігіне тәуелсіз белгілі уақыт ішінде зардап шеккендердің жалпы саны;<br>Р — сол уақыт кезеңіндегі қызметкерлердің орташа тізімдік саны. |
| 5 | Тиелген вагонның динамикалық жүктемесі | т/ваг | Тиелген вагонның динамикалық жүктемесі тиелген вагонның бүкіл жүрген жолы бойындағы орташа жүктемесін сипаттайды және нетто жүк айналымын жұмыс паркі жүктелген вагондарының пайдаланушылық жүрісіне бөлу арқылы есептеледі. |

| № | Термин | Өлшем бірлігі (егер болса) | Түсініктеме |
|---|---|---|---|
| 6 | Жүк вагонының айналымы | тәулік | Бір тиеу сәті аяқталғаннан келесі тиеу немесе тиелген немесе бос күйінде тапсырылған сәті аяқталғанға дейін операциялар циклын орындауға жұмсалған уақыт. |
| 7 | Вагонның орташа тәуліктік өнімділігі | т-км нетто | Бір тәулікте жұмыс паркінің бір вагонына бір километрге келетін тонналар саны. Белгілі бір уақытқа жатқызылған нетто жүк айналымын вагондардың жұмыс паркіне бөліндісі ретінде есептеледі. |
| 8 | Жүк вагондарының орташа тәуліктік жүрісі | км | Вагонның орташа тәуліктік жүрісі – тәулігіне жұмыс паркінің бір вагонына келетін километрмен өлшенетін жүріс арақашықтығы |
| 9 | Жүк вагонының толық рейсі | км | Айналым уақыты ішінде вагон жүріп өтетін орташа арақашықтық |
| 10 | Жүк вагонының тиелген рейсі | км | Тиелген күйдегі айналым уақыты ішінде вагон жүріп өтетін орташа арақашықтық |
| 11 | Пайдалану ұзындығы | км | Екінші басты, станциялық және т.б. сияқты жолдарды ескермегендегі станциялар арасындағы теміржол желілерінің ұзындығы |
| 12 | Бас жолдардың толық ұзындығы | км | Барлық бас жолдар (бірінші, екінші, үшінші және т.с.с.) ұзындығының қосындысы |
| 13 | Кірме жолдар | | Магистральдық желіде орналасқан теміржол станциясын өнеркәсіп орнымен немесе басқа ұйыммен қосатын теміржол жолдары |
| 14 | Жылжымалы құрам | | Темір жол бойынша жүктер мен жолаушылар тасымалдауға арналған жылжымалы теміржол бірліктері |
| 15 | EBITDA | | Пайыздарды, салықтарды, тозуды және есептелген амортизацияны төлеу жөніндегі шығыстар шегерілгенге дейінгі пайда көлеміне тең талдамалық көрсеткіш. «Салыққа дейінгі пайда» ретінде де белгілі. |
| 16 | EBITDA margin | % | Компания кірістілігінің шамасы. Ол EBITDA мен түскен ақшаның арақатынасы ретінде есептеледі. |
| 17 | НЖС | | Магистральдық желінің өңірлік бөлімшелері |
| 18 | «ҚТЖ» ҰК» АҚ, Компания | | «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы |
| 19 | «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы | | «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдары |
| 20 | Есеп | | Тұрақты даму саласындағы 2017 жылғы есеп |

| № | Термин | Өлшем бірлігі (егер болса) | Түсініктеме |
|---|---|---|---|
| 21 | ЕТҰ | | Еншілес және тәуелді ұйымдар |
| 22 | GRI басшылығы | | GRI Standards тұрақты даму саласындағы есептілік жөніндегі басшылығы |
| 23 | ЦМФО | | «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Көп функциялы қызмет көрсету орталығы» филиалы |
| 24 | БҰҰ Ғаламдық шарты | | бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін көтермелеуге және осындай саясатты жүзеге асыру туралы есеп беруге бағытталған БҰҰ бастамасы |
| 25 | Job matching | | қызметкердің лауазымына сәйкестігін бағалауға арналған іс-шаралар бағдарламасы |
| 26 | ТҚЖЖ | | Техникалық пайдалану, сақтау және тасымалдау кезінде өндірістік жабдықтардың (бұйымдардың, тетіктердің) жұмыс істеу қабілетін немесе түзулігін қолдау жөніндегі операциялар кешені |
| 27 | ҚШК | | қызметтің шешуші көрсеткіштері |
| 28 | Орталық аппарат | | «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппараты |
| 29 | ОЭР | | отын-энергетикалық ресурстар |
| 30 | ИСО (ISO) | | Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (International Organization for Standardization) |
| 31 | ҚҚБКЖ | | Тасымалдау процесінің қауіпсіздігін басқару жөніндегі корпоративтік жүйе |

## Есептегі GRI Standards есептілігі жалпы стандартты элементтерінің көрсеткіші GRI 102-55

| Элементтің коды | Есептілік элементтерінің тобы/Аспект | Есеп бөлімдері/ Комментарийлер | Есептегі бет | Ескертпелер |
|---|---|---|---|---|
| Стратегия және талдау | | | | |
| GRI 102-14 | Ең жоғары басшының мәлімдемесі | Есепті оқушыларға үндеу | 4 | |
| Ұйымның бейіні | | | | |
| GRI 102-1 | Ұйымның атауы | Компания туралы | 12 | |
| GRI 102-2 | Негізгі брендтер, өнімдер, сондай-ақ қызметтер | Компанияның географиядағы және нарықтағы орны | 12 | |
| GRI 102-3 | Ұйымның штаб-пәтері орналасқан жер | Компанияның географиядағы және нарықтағы орны | 12 | |

| Элементтің коды | Есептілік элементтерінің тобы/Аспект | Есептіліктің бөлімдері/ Комментарийлер | Есептегі бет | Ескертпелер |
|---|---|---|---|---|
| GRI 102-4 | Ұйым өз қызметін жүзеге асыратын елдер саны | Компанияның географиядағы және нарықтағы орны | 12 | |
| GRI 102-5 | Меншік сипаты және ұйымдастыру-құқықтық нысаны | Тарихы | 12 | |
| GRI 102-6 | Ұйым жұмыс істейтін нарықтар | Компанияның географиядағы және нарықтағы орны | 12 | |
| GRI 102-7 | Ұйымның ауқымы | Компанияның Трансформациялау бағдарламасын іске асыру | 16 | |
| GRI 102-8 | Қызметкерлер саны | Персонал саны | 16 | |
| GRI 102-41 | Ұжымдық шарттармен қамтылған барлық қызметкерлердің пайызы | Персонал | 35 | |
| GRI 102-9 | Ұйымның жеткізу тізбегі | Жеткізу тізбегі | 18 | |
| GRI 102-10 | Ауқымының, құрылымының немесе меншігінің елеулі өзгерістері | Компанияның Трансформациялау бағдарламасын іске асыру | 20 | |
| GRI 102-11 | Сақтық принципі | Сыртқы бастамаларға қатысу | 22 | |
| GRI 102-12 | Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік хартиялар, принциптер немесе ұйым қосылған немесе қолдайтын басқа бастамалар | Сыртқы бастамаларға қатысу | 22 | |
| GRI 102-13 | Ассоциацияларға мүше болу | Сыртқы бастамаларға қатысу | 22 | |
| | Анықталған елеулі аспектілер мен шектер | | | |
| GRI 102-45 | Есептілігі есептілікке енгізілген заңды тұлғалар | Елеуліліктер және аспектілердің шегі | 09 | |
| GRI 102-46 | Есептің мазұнын және аспектілердің шегін анықтау әдістемесі | Елеуліліктер және аспектілердің шегі | 07 | |
| GRI 102-47 | Барлық аспектілердің тізімі | Елеуліліктер және аспектілердің шегі | 09 | |

| Элементтің коды | Есептілік элементтерінің тобы/Аспект | Есептіліктің бөлімдері/ Комментарийлер | Есептегі бет | Ескертпелер |
|---|---|---|---|---|
| GRI 102-48 | Алдыңғы есептерде жарияланған көрсеткіштерді барлық қайта тұжырымдау салдарлары | | 10 | Қайта тұжырымдау қолданылған жоқ |
| GRI 102-49 | Алдыңғы есеп бірлген кезеңдермен салыстырғанда аспектілердің қамтуы мен шегінің елеулі өзгерістері | | 10 | Елеулі өзгерістер байқалмады |
| | Мүдделі тараптармен әрекеттесу | | | |
| GRI 102-40 | Мүдделі тараптар топтарының тізімі | Мүдделі тараптарды тарту | 06 | |
| GRI 102-42 | Мүдделі тараптарды айқындау және іріктеу принциптері | Мүдделі тараптарды тарту | 06 | |
| GRI 102-43 | Ұйымның мүдделі тараптармен әрекеттесу тәсілі | Мүдделі тараптарды тарту | 06 | |
| GRI 102-44 | Ұйыммен әрекеттесу шеңберінде мүдделі тараптар көтерген шешуші тақырыптар мен қорқыныштар, сондай-ақ ұйымның бұл шешуші тақырыптар мен қорқыныштарға қалай жауап бергендігі | | 38 | |
| | Есеп туралы жалпы мәліметтер | | | |
| GRI 102-50 | Есеп берілетін кезең | Есеп туралы | 05 | |
| GRI 102-51 | Алдыңғы есеп жарияланған күн | Есеп туралы | 05 | |
| GRI 102-52 | Есептілік циклы | Есеп туралы | 05 | |
| GRI 102-53 | Байланыс жасауға болатын адам | Байланыс жасауға арналған деректер | 55 | |
| GRI 102-54 | GRI басшылығына сәйкес есепті дайындау нұсқасы | Есеп туралы | 11 | |
| GRI 102-55 | GRI көрсеткіштері кестесі | | 58 | |
| GRI 102-56 | Есептілікті сырттан растауды қамтамасыз етуге қатысты тәжірибе | Ашу деңгейі және верификация | 11 | |
| | Корпоративтік басқару | | | |
| GRI 102-18 | Ұйымды корпоративтік басқару құрылымы | Корпоративтік басқару | 23 | |
| | Этика және адалдық | | | |
| GRI 102-16 | Ұйымның құндылықтары, принциптері, стандарттары және мінез-құлық кодекстері мен этикалық кодекстер сияқты мінез-құлық нормалары | Этика және адалдық | 27 | |

## GRI Standards есептілігінің арнайы стандартты элементтерінің көрсеткіші

| Элементтің коды | Есептілік элементтерінің тобы/Аспект | Есептіліктің бөлімдері/ Комментарий-лер | Есептегі бет | Ескертпелер |
|---|---|---|---|---|
| «Экономикалық» санаты | | | | |
| Экономикалық нәтижелілік | | | | |
| GRI 201-1 | Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн | Құрылған және бөлінген экономикалық құн | 29 | |
| GRI 201-3 | Зейнеткерлік жоспарлармен, белгіленген жеңілдіктермен байланысты ұйым міндеттемелерінің қамтамасыз етілуі | Зейнеткерлер туралы қамқорлық | 37 | |
| GRI 201-4 | Мемлекеттен алынған қаржылай көмек | Демеушілік қызмет | 36 | |
| Тікелей емес экономикалық ықпал | | | | |
| GRI 203-1 | Инфрақұрылымға жасалатын инвестицияларды дамыту және оларға ықпал ету және өтеусіз көрсетілетін қызметтер | Тікелей емес экономикалық ықпал | 30,31 | |
| GRI 203-2 | Ықпал ету саласын қоса алғандағы тікелей емес экономикалық ықпал | Тікелей емес экономикалық ықпал | 29-32 | |
| Сатып алу практикасы | | | | |
| GRI 204-1 | Қызмет жүзеге асырылатын елеулі өңірлердегі жергілікті жеткізушілерге арналған шығыстар үлесі | Жергілікті жеткізушілердің үлесі | 19, 30 | |
| Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету | | | | |
| GRI 205-1 | Соларға қатысты сыбайлас жемқорлықпен байланысты тәуекелдерді бағалау жүргізілген бөлімшелердің жалпы саны мен пайызы және айқындалған елеулі тәуекелдер | Этика және адалдық | 28 | |
| GRI 205-2 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясаты мен әдістері туралы хабарлау және оларға оқып-үйрету | Этика және адалдық | 28 | |
| GRI 205-3 | Сыбайлас жемқорлықтың расталған оқиғалары және жасалған әрекеттер | Этика және адалдық | 27 | |

| Элементтің коды | Есептілік элементтерінің тобы/Аспект | Есептіліктің бөлімдері/ Комментарийлер | Есептегі бет | Ескертпелер |
|---|---|---|---|---|
| | «Экологиялық» санаты | | | |
| | Энергия | | | |
| GRI 302-1 | Ұйымның ішінде энергияны тұтыну | Ресурстарды тұтыну | 51 | |
| GRI 302-3 | Энергия сыйымдылығы | Ресурстарды тұтыну | 53 | |
| GRI 302-4 | Энергия тұтынуды азайту | Ресурстарды тұтыну | 54 | |
| | Шығарындылар | | | |
| GRI 305-1 | Парник газдарының тікелей шығарындылары (қамту саласы 1) | Қоршаған ортаға эмиссиялар | 51 | |
| GRI 305-5 | Парник газдарының шығарындыларын азайту | Қоршаған ортаға эмиссиялар | 52 | |
| | Талаптарға сәйкестік | | | |
| GRI 307-1 | Елеулі айыппұлдардың ақшалай мәні және экологиялық заңнама мен нормативтік талаптардың сақталмағаны үшін салынған қаржылық емес санкциялардың жалпы саны | Экологиялық менеджмент жүйесі | 51 | |
| | «Әлеуметтік» санаты | | | |
| | «Еңбек қатынастары практикасы және лайықты еңбек» ішкі санаты | | | |
| | Жұмыспен қамту | | | |
| GRI 401-1 | Жаңадан жұмысқа алынған қызметкерлердің жалпы саны мен пайызы, сондай-ақ жасы, жынысы мен өңірі бойынша бөлінісіндегі кадрлар тұрақсыздығы | Персонал | 34, 35 | |
| GRI 401-2 | Толық жұмыспен қамту шартымен жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін, уақытша немесе жұмыспен толық емес қамту шартымен жұмыс істейтін қызметкерлерге берілмейтін ұйым қызметін жүзеге асыратын елеулі өңірлер бойынша бөлінісіндегі жеңілдіктер | | 43 | |
| | Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік | | | |
| GRI 403-2 | Өндірістік жарақаттанушылықтың түрлері мен деңгейі, кәсіптік аурулардың деңгейі, ысырап болған күндер коэффициенті және жұмыс орнында болмау коэффициенті, сондай-ақ өңірлер мен жыныс бөлінісінде жұмыспен байланысты өліммен аяқталған оқиғалардың жалпы саны | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау | 42 | |

| Элементтің коды | Есептілік элементтерінің тобы/Аспект | Есептіліктің бөлімдері/ Комментарий-лер | Есептегі бет | Ескертпелер |
|---|---|---|---|---|
| GRI 403-3 | Айналысатын еңбек түрімен байланысты жарақаттанушылығы жоғары және ауруларға шалдығу тәуекелі жоғары қызметкерлер | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау | 42 | |
| GRI 403-9 | Өндірістік жарақаттанушылық түрлері мен деңгейі | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау | 45 | |
| | Дайындау және білім беру | | | |
| GRI 404-1 | Қызметкерлердің жынысы мен санаты бойынша бөлінісінде бір қызметкерді оқытуға арналған сағаттардың орташа жылдық саны | Оқыту | 42 | |
| GRI 404-2 | Қызметкерлердің жұмыспен қамтылу қабілетін қолдауға тағайындалған өмір бойына дағдыларды дамыту мен білім беру бағдарламалары, сондай-ақ мансабы аяқталған кезде оларға қолдау көрсету | Қызметкерлер туралы қамқорлық | 38 | |
| | Ассоциациялар мен ұжымдық келіссөздерді жүргізу еркіндігі | | | |
| GRI 407-1 | Ассоциациялар мен ұжымдық келіссөздерді жүргізу еркіндігін қолдану құқығы бұзылуы немесе елеулі тәуекелге ұшырауы мүмкін жеткізушілері анықталған бөлімшелер және осы құқықтарды қолдау үшін жасалған әрекеттер | Персонал | 35 | |
| | Қауіпсіздікті қамтамасыз ету практикасы | | | |
| GRI 410-1 | Адам құқықтарының жүзеге асырылатын қызметпен байланысты аспектілерге қатысты саясаттар мен рәсімдерді оқып-үйренген қауіпсіздік қызметі қызметкерлерінің үлесі | Оқыту | 42 | |
| | **«Қоғам» ішкі санаты** | | | |
| | Жергілікті қауымдастықтар | | | |
| GRI 413-1 | Жергілікті қауымдастықтармен әрекеттесу бағдарламалары, қызметтің жергілікті қауымдастықтарға ықпалын бағалау бағдарламалары және жергілікті қауымдастықтарды дамыту бағдарламалары іске асырылған бөлімшелердің пайызы | Мүмкіндігі шектеулі адамдар туралы қамқорлық | 41 | |